

АЙЫРТАУ ТАҢЫ

№31
(901)

Бейсенбі, 6 тамыз 2015 жыл

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1993 жылдың қаңтарынан шығады

ДСҰ – бұл нарықтағы іс-қимыл стандарттары



«Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы Басқарма Төрағасы Қазақстанның Дүниежүзілік сауда ұйымына кіруі жайлы түсінік берді.

ҰҚП Басқарма Төрағасының пікірінше, Қазақстанның ДСҰ-ға кіруі – бұл ел басшылығының, ең алдымен, Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың ашық та

жаһандық экономикалық интеграцияға жүйелі бағдар алуының көрінісі.

«ДСҰ-ға кіруге сөзсіз оң баға береміз. Қазақстан интеграцияға ашық... Бұл іс-қимылдың белгілі-бір стандарттары: яғни алдымызға стандарт қойып, сол жолмен жүруіміз керек. Бұл инвестициялық климат, яғни инвестордың алған бағдары. Басқаша өспейміз. Даулар, тарифтік және кедендік саясат халықаралық стандарттарға сәйкес болатынын бәрі де түсінеді. Яғни біз алдыңғы қатарлы елдер клубына енеміз. Бұл мағынада ДСҰ – сөзсіз жағымды тұс», - деді Абылай Мырзахметов.

Бұл қазақстандық тауар өндірушілерге өз өнімін өткізу нарықтарын кеңейтуге мүмкіндік береді, ал оның орнына жаңа технологиялар ала аламыз. Алайда ДСҰ-ға кіру бірқатар сынақтарды да ала келеді.

«Біз «жергілікті мазмұн» сияқты ұғымнан бас тартуға тиіс боламыз. Яғни отандық өндірушілер мүдделерін ашық түрде алға тарта алмаймыз, қолдау шараларын енгізе алмаймыз», - деп назар аударды ҰҚП басшысы.

Палата Басқарма Төрағасы қалыптасқан жағдайда ЕАЭО-ға интеграция ДСҰ интеграциясына қарағанда әлдеқайда көп сынағын ала келетінін атап өтті. Бірақ сынақтар бизнесіміздің шынығуына, оның жаңа қасиеттер, құзыреттіліктер, білім-білік игеруіне көмектесуге тиіс.

«Біздегі тауар, экономика мен экспортшылардың 90%-ы онсыз да осы ережелер бойынша жұмыс жасайды», - деді Абылай Мырзахметов. – «Мұнда даулы мәселе бар. Оған негіз де жоқ емес. Қашанғы жақсы жағдайда жүре бермекшіміз. Аз уақыт өткен жоқ. Шығып, өздеріңді сынап көріңдер. Себебі онсыз ешқашан да бәсекеге қабілетті бола алмайсыңдар».

Тәжірибелі бизнесмен ретінде Абылай Мырзахметов қазақстандық кәсіпкерлерге мақсат қоюға назар аударуды ұсынып отыр.

«Ресейлік өндірушілермен емес, «Вимм-Билль-Данн»-мен бәсекелесу қажет!.. Сапа жөнінен бәсекелесу қажет... Сонда ғана теңесе аламыз. Керісінше жағдайда елеусіз бір жерде ілібіп жүре береміз», - деген сенімде Палата басшысы.

Оның айтуынша, ДСҰ-ға кіру жөніндегі келіссөздер жүргізген Қазақстанның өкілдеріне жалғыз наразылық шарттарды талқылаудың жабық сипат алуы болып отыр. Алайда бүгінде нормалар мен шарттардың барлығы дерлік жарияланды, сонымен қатар www.palata.kz сайтында да.

«Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы.

«Мектепке жол» акциясы

Балаларға сіздің көмегіңіз қажет!

Құрметті ата-аналар, аудан тұрғындары!

Жаңа 2015-2016 оқу жылын ұйымдастыру мақсатында ағымдағы жылдың 1 тамызынан 30 қыркүйекке дейін республика бойынша «Мектепке жол» атты акциясын өткізу жарияланды.



Аз қамтамасыз етілген отбасылар мен көпбалалы отбасылардан шыққан балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға мектепке барар кезінде демеу жасау, киім-кешек, аяқ-киім, кеңсе тауарлары және т.б. заттардың жоқтығынан баланың мектепке көлмей қалудың алдын-алу акцияның ең басты мақсаты болып табылады.

Мұқтаждарға қол ұшын беру - парыз. Сондықтан аудан тұрғындарының барлығын тұрмысы төмен және көпбалалы отбасыларының оқушыларына, жетім және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға қолдан келген көмек беруге шақырамыз.

Мектеп жасындағы барлық балалар 1 қыркүйекте мектеп парталарына отырулары тиіс.

Балаларға мектепке барар жол табуға көмектесейік!
Саумалкөл қазақ орта мектебі, телефоны: 28-239.

Аудандық мәслихат депутаттарының назарына

Бесінші шақырылымдағы Айыртау аудандық мәслихатының кезекті қыркыншы сессиясы 2015 жылғы 10 тамызда сағат 11.00-де аудан әкімдігінің отырыс залында өтеді. Мекенжайы: СКО, Айыртау ауданы, Саумалкөл селосы, Ш.Уалиханов көшесі, 44 үй.

Айыртау аудандық мәслихат сессиясының қарауына келесі мәселелер ұсынылады:

1. 2015 жылдың бірінші жартыжылдығында Айыртау ауданын әлеуметтік-экономикалық дамыту нәтижесі туралы.

2. Әртүрлі.

Анықтамалар телефоны 21-902

Облыс жаңалықтары

БАЛАБАҚША ДА, БАСПАНА ДА КӨБЕЮДЕ

Өңір басшысы Ерік Сұлтанов облыс орталығындағы құрылыс алаңдарында болып, бірінші кезекте жаңадан салынып жатқан балабақшаларға назар аударды.

Жұмысшы кентінде "СолҚазЭнерго" АҚ мемлекеттік-жекеменшіктік серіктестік аясында 320 орындық балабақшаның құрылысын жүргізуде. Оның мердігері – астаналық "Ақмола энергия жөндеу" ЖШС. Компанияның прорабы Искандер Далдабаев өңір басшысын құрылыс алаңында атқарылып жатқан жұмыспен таныстырды. Оның айтуынша, нысанда 70 адам еңбек етуде. 10 тамызда инженерлік желілерді тартуға кірісіп, айдың соңына дейін ғимараттың қабырғаларын тұрғызбақ.

Өңір басшысы құрылыс қарқынын арттыруды ұсынды.

– Инженерлік желілер тартуды қатар жүргізе отырып, қыркүйек айының соңына қарай ауқымды құрылыс жүргізуге көшу қажет. Сөйтіп, 15 қыркүйек пен 15 қазан аралығында құрылыс алаңын абаттандыруды қолға алу керек, – деді Ерік Хамзаұлы.

Алматы көшесі, 4 мекенжайында 280 орындық балабақша салынуда. Облыс әкімі инженерлік желілерді дер кезінде тартуға, қыркүйек-қазан айларында аумақты абаттандырумен айналысуға ерекше назар аудару керектігін атап айтты.

Ерік Сұлтанов Рига көшесінде 200 орындық мектепке дейінгі мекеменің құрылысын жүргізіп жатқан "Петрострой-



Люкс" ЖШС-нің қарқынына жоғары баға берді. Бүгінгі күні онда кәріз бен су құбырларын салу жұмыстары аяқталып, жылу желілерін тарту қолға алыныпты.

Осы көшеде, Жеңіс бағының жанында, тағы бір балабақшаның құрылысы жүргізілуде. "Баларман" 65 баланы мектепке дейінгі тәрбиемен қамтитын болады. Ғимаратты қайта жабдықтау қарқынды атқарылуда. Ішкі әрлеу жұмыстары аяқталып, кіреберіс жол мәселесі шешілуде.

Осы күні Ерік Сұлтанов тұрғын үй құрылысы барысымен де таны-

сты. Юбилейный шағынауданында "Қазақстан ипотека компаниясы" жүйесі бойынша 126 және 72 пәтерлі екі көпқабатты үй тұрғызылады. "Береке" шағынауданында 55, 75, 90 және 93 пәтерлі бесқабатты тұрғын үйлер, жас отбасылар үшін әрқайсысы 100 пәтерлі екі жатақхана салынып жатыр.

Өңір басшысы аталмыш құрылыс алаңдарында болып, жұмыс қарқынына және олардың тапсырылу мерзіміне назар аударды.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі.

Ресми бөлім

Ауданға жаңа прокурор тағайындалды

Кеше, тамыз айының 5-і күні аудан әкімдігінің мәжіліс залында аудан әкіміне ауданымызға жаңадан тағайындалған аудан прокуроры таныстырылды.

Активте сөз алған Солтүстік Қазақстан облысының прокуроры Степан Зайтлер Қазақстан Республикасының Бас прокурорының бұйрығымен Айыртау ауданының прокуроры болып Болат Жаңбырбайұлы Бәйменовтың тағайындалғанын жеткізді.

Сонымен қатар облыстың бас прокуроры Степан Степанович жаңадан тағайындалған аудан прокуроры Болат

Жаңбырбайұлына Қазақстан Республикасы Зандарының нормаларының сақталуына аудандағы құқықбұзушылықтың алдын алу жөніндегі бірнеше тапсырмалар жүктесе, бұрынғы прокурор қызметін атқарған Арман Ризановқа қоян-қолтық жұмыс атқарғаны үшін алғысын білдірді.

Актив соңында аудан әкімі Ағзам Тастеміров те жаңадан тағайындалған аудан прокурорына алдағы уақытта түсіністікпен қызмет ететініне сенім білдірсе, қызмет бабымен Көкшетау қаласының прокуроры болып тағайындалған Арман Тортайұлына сәттілік тіледі.

Өз хабарымыз.

9 тамыз –Құрылысшылар күні

АЛҒЫСҚА БӨЛЕНГЕН ЖАН

Тамылжыған тамыз айының екінші жексенбісі құрыш қолды құрылысшылардың төл мерекесі ретінде аталып келе жатқанына аз уақыт болған жоқ. Бұл мереке ең алғаш 1956 жылдан бастап тойланған. Сол уақыттан бері құрылысшыларды осынау төл мерекелерімен құттықтап, оларға сый-сияпат көрсету дәстүрге айналған.

Қазіргі күні мемлекетіміз күн сайын көркейіп, абаттанып келеді. Төрткүл әлеммен терезесін теңестірген елімізде көкпен таласқан ғимараттар бой түзеп, еңбекқор ағайынның арқасында есіміміз әлемге танылды. Дәл осындай жұмыстар біздің ауданымызда да қолға алынуда. Жаңадан нысандар салынып, жол жөндеу жұмыстары кеңінен жүргізілуде. Қаншама құрылыс нысандарында өз қолтаңбаларын қалдырып жүрген құрылысшылардың еңбектері ерен. Ауданымыздың көркеюіне ұшан-теңіз үлес қосып жүрген құрылысшылардың бірі – Жанат Қоспанов.

«Қоспанов Ж.Ж.» ЖК 2010 жылдың жазынан бастап жұмыс істейді. Осы уақыт ішінде аудан орталығының көшелерін көркейту, зейнеткерлердің үйлеріне, мекемелердің ғимараттарына жөндеу жұмыстарын жүргізумен айналысатын аталмыш ұжымның атқарған жұмыстары көңіл толарлықтай. Автобус аялдамалары, «Бәйтерек» шағын ауданындағы, жөндеу зауыты аумағындағы балалар алаңы да кәсіпкер еңбегінің жемісі. Орталық саябақтағы ауғандықтарға арналған ескерткіш, шағын аудандағы «Алтын адам» сквері Жанат Жүкешұлының мақтанышы.

«Әке көрген оқ жонар» демекші, ұлдары Жандос пен Айдос та әкесіне қолғабыс жасап, аудан орталығының көрікті болуына өз үлестерін қосуда.

Құрыш қолды құрылысшыларды төл мерекелерімен құттықтай отырып, еңбектеріне табыс, жанұялық бақыт тілейміз.

Жанат СӘБИТОВ
Суретте: Жанат Қоспанов



Ата Заңға – 20 жыл

СҮРІНГЕНДІ СҮЙЕЙ БІЛЕЙІК



Сотталған адамдарды қоғамнан оқшаулау олардың жасаған қылмыстары үшін жазасын өтету мақсатында Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қылмыстық Кодексіне, басқа да қылмыстық тәртіптік заңнамаларға сәйкес соттың заңды күшіне енген үкімін, қаулысын, ұйғарымын жүзеге асыру бағытында жүргізіледі. Пробация қызметі бөлімі олардың пайдалы еңбекпен айналысуына, білім алуына, қоғамға қауіп тудыратын маскүнемдік, нашақорлық сияқты жат қылықтардан бас тартуына, салауатты түзу жолға түсуіне ықпал ететін тәрбиелік іс-шараларды жүйелі түрде ұйымдастырады.

Сотталғандарды тәрбиелеуде бірден бір нәтиже беретін іс-шара оларды еңбекпен қамту болып табылады. Бұл ретте шешуін күткен мәселенің бірі-жазасын өтеп жүрген адамдарды жұмысқа орналастыру.

Нарық жағдайында жұмыс беруші мен жұмысшының қарым-қатынасында әртүрлі күрделі жағдайлар көп кездеседі.

Әсіресе, бүгінде көптеген жеке кәсіпкерлер жұмысқа тұрған адамды жалақы беретін кезде, ақшаның жоқтығын айтып, олардан ақы-пұлсыз оңай құтылу үшін әртүрлі айландасулар қолданады. Ақшасын мерзімінде алмаған соң ол жерден кетіп, басқа жұмысқа, не мекен-жайға ауысады.

Осындай жағдайда шартты жазасын өтеп жатқан сотталған адамдар мекен-жайының өзгергені, басқа жұмысқа ауысқаны сияқты өздерінің өміріндегі өзгерістер туралы тиісті орындарға хабарлап, ақпарат беруді ескере бермейді. Сондықтан, шартты сотталу-адамның толық бостандықтағы жағдайды емес екенін, өз өмірінде болып жатқан жайларды тұрғылықты жердегі құқық қорғау органдарына не пробация қызметі бөлімі орын ауыстыру кезінде хабарлап отыру керектігін ұмытпауы қажеттігін үнемі естеріне салып отыруға тура келеді.

Пробация қызметі бөлімі іс-қызметінде ішкі істер органдарымен бірлесе отырып, сотталғандар еңбек ететін кәсіпорындармен, мекеме-ұйымдармен, әртүрлі қоғамдармен, прокуратура, соттармен, қоғамдық бірлестіктермен өзара тығыз қарым-қатынаста жұмыс істейді.

Пробация қызметі бөлімі қоғамнан оқшалауланған емес, шартты жаза кесілген адамдарды есепке алады, олардың тағы да қылмыс жасамауын, құқық тәртібін бұзбауы үшін олардың арасында алдын алу шараларын жүргізеді.

Әрине, мұндайда шартты сотталғандарды бақылап қана қоймай, сынақ мерзімі ішінде соттың сенімін ақтау керектігін түсіндірсе, теріс жолға қайта түсуіне жол бермей, қолұшын созып көмектескен жағдайда, бұл іске олардың туған-туыстарының демеуін ұйымдастырса, шартты сотталғандардың тезірек түзу жолға түсіп, қоғамнан өздерінің лайықты орындарын тапқан азамат болып шығатынына сенім мол. Сондықтан, оларды қоғамнан, ортамыздан шеттете бермей, қайта жылы сөйлеп, бауырымызға тартып, оның бойындағы адамгершілік қасиеттерін тани білгеніміз, қабілет-қарымына қарай көмек көрсеткеніміз абзал.

М. ШАБАНОВ,
СҚО бойынша ҚАЖД Айыртау ауданы №1ПКБ бастығы,
әділет капитаны.

Қоғам және заң

ЖАҢА КОДЕКСТЕГІ ӨЗГЕРІСТЕР

Үстіміздегі жылдың басында Қазақстан Республикасының жаңа Қылмыстық кодексі қолданысқа енгізілді. 1997 жылы қабылданған Қылмыстық кодекс сияқты бұл жолғыда да «Мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы сыбайлас жемқорлық және өзге де қылмыстық құқық бұзушылықтар» жөнінде жеке тарау бар.

Сонымен жаңа Қылмыстық кодексті қандай өзгерістерді қамтиды? Онда сыбайлас жемқорлыққа қатысты көптеген өзгерістер бар.

Біріншіден, қолданыстағы Қылмыстық кодексте сыбайлас жемқорлық және лауазымдық қылмыстарға қатысты терминдердің мағынасы глоссарийде түсіндіріледі. Бұл Кодексті қолайлы және түсінікті қылып, құқықтық анықтық берді. Мәселен, глоссарийде бұрынғы Қылмыстық кодексте мүлдем болмаған және ол «Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы» Заңымен, Жоғарғы соттың нормативтік қаулыларымен айқындалатын терминдер бар. Сондай-ақ, «билік өкілі» терминінің мағынасы кеңейді. Енді оған мемлекеттік қызметте жүрген, қызмет бабымен өзіне тәуелді емес адамдарға қатысты Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен билік ету өкілеттіктері берілген адам, оның ішінде құқық қорғау немесе арнаулы мемлекеттік органның, әскери полиция органының қызметкері, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын әскери қызметші жатады. Сондай-ақ, жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын тұлғалардың санаты да кеңейді. Жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адам – мемлекет функцияларын және мемлекеттік органдардың өкілеттіктерін тікелей атқару үшін Қазақстан Республикасының Конституциясында, Қазақстан Республикасының Конституциялық және өзге де заңдарында белгіленген лауазымды атқаратын адам. Оның ішінде Парламент депутаты, судья, сол сияқты, Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет туралы заңнамасына сәйкес мемлекеттік саяси лауазымды не «А» корпусының мемлекеттік өкілшілік лауазымын атқаратын адам.

Екіншіден, жаңа Қылмыстық кодексте «ауыр зардаптар» және «еләулі зиян» терминдеріне нақты түсініктемелер мен мысалдар берілген. Мәселен, «ауыр зардаптарға» сыбайлас жемқорлық іс-әрекеті салдарынан ірі немесе аса ірі залал келтіру жатады. Ал «еләулі зиян» – қоғамның және мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін бұзу және айтарлықтай залал келтіру. Бұрындары бұл мамандандырылған белгілер ескі Қылмыстық кодекстің сыбайлас жемқорлыққа қатысты баптарының диспозициясында болғанымен, ауыр зардаптар мен еләулі зияндарға не жататыны еш жерде түсіндірілмеген еді.

Үшіншіден, параны алу және беру жөніндегі баптарда «айтарлықтай мөлшер» деген жаңа салалық белгі бар. Айтарлықтай мөлшер – бұл 50-ден 3000 айлық есептік көрсеткішке дейінгі ақша сомасы, бағалы қағаздардың, өзге де мүліктің немесе мүліктік сипаттағы пайданың құны (2015 жылы 1 АЕК 1982 теңгені құрайды). Сондай-ақ, ірі және аса ірі көлемдегі параның ең төменгі және шекті мөлшері де көбейтілді. Егер бұрынғы Қылмыстық кодексте ірі пара ретінде 500 айлық есептік көрсеткіштен жоғарылар танылса, жаңа құжат бойынша ол 3000-нан 10000 айлық есептік көрсеткішке дейінгілер есептелінеді. Аса ірі көлемдегі пара – 10000 айлық есептік көрсеткіштен асқан сома (бұрын 2000 АЕК-тен).

Төртіншіден, жаңа Қылмыстық кодекстің сыбайлас жемқорлық қылмысын жасаған тұлғаларға жауапкершілікті қатайтты. Соның бірі – бірқатар тыйым салулар мен шектеулер. Егер бұрындары нақты лауазымды немесе белгілі бір әрекетті жүзеге асыру құқығынан 7 жылға дейін айырса, енді сыбайлас жемқорлық қылмысы үшін жазалаудың бұл қосымша түрі міндетті түрде және өмір бойына тағайындалады. Жемқорларға мемлекеттік қызметте, сот жүйесінде, жергілікті өзін-өзі басқару органдарында, Қазақстан Республикасының Ұлттық банкіде және оның ведомстволарында, мемлекеттік ұйымда немесе жарғылық капиталындағы мемлекеттің үлесі 50 пайыздан асатын ұйымда, оның ішінде акционері мемлекет болып табылатын ұлттық басқарушы холдингте, ұлттық холдингте, ұлттық компанияда, ұлттық даму институтында, дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) 50 пайызынан астамы өздеріне тиесілі олардың еншілес ұйымында, сондай-ақ, дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) 50 пайызынан астамы көрсетілген еншілес ұйымға тиесілі заңды тұлғада жұмыс істеуге жол жоқ.

Ақпарат көздерінен

Сақтансаң, сақтайды

Бала өмірінің қауіпсіздігі маңызды

Отбасы тәрбиесінің негізгі мақсаты – дені сау, ұлттық сана-сезімі ояңған, рухани ойлау дәрежесі биік, мәдениетті, парасатты, ар-ожданы мол, еңбекқор, білімді азаматты тәрбиелеу. Бала да жас терек сияқты, қалай тәрбиелесең, жастан қандай тәрбие берсең, ертең есейгенде жас кезіндегі алған тәрбиесі өміріне негіз болмақ. Ата-ана бала қауіпсіздігін сақтауды ең бірінші орынға қою керек.



Әлемге кең тараған субмәдениеттердің бірі паркур біздің елімізде де, оның ішінде біздің ауданымызда да жастардың ермегіне айналып отыр.

Қабырғамен жоғары өрмелеп, ту биіктен төмен құлдылайтын, болмаса әр түрлі тосқауылдардан тосылмай секіретін серілерді шетелдің киноларынан ғана емес, еліміздің ірі қалаларының көшелерінен де жиі көзіміз шалады. «Еріккеннің ермегі» деп қолымызды бір сілтеп өте шығатынымыз бар. Алайда, олар үшін бұл іс өмірдің ажырамас бөлігіне айналған. Әкінішке қарай, экстремалды спорттың жастар арасында кең таралған түрі – паркур жайлы және оның тіс қаққан мамандары – трейсерлер туралы жұртшылықтың білері мардымсыз. Паркур

– тосқауылдарды бағындыру өнері. Ол өз бойына бірнеше спорттың элементтерін жинақтаған. Паркурдан акробатиканың, альпинизмнің, жеңіл атлетиканың, сондай-ақ соғыс өнерінің қимылдарын көруге болады. Спорттағы бұл бағыттың атауы француздың «ragsouir» сөзінен аударғанда арақашықтық, тосқауыл жолағы деген мағынаны білдіреді екен. Алғаш рет Францияда пайда болған осы өнердің негізін Давид Белль есімді француз жігіті қалаған. Паркурдың біздің елімізге келгеніне көп уақыт болған жоқ. Оның қазақ жеріндегі тарихын трейсерлер сонау 2006 жылдан Алматы қаласында паркур мектебінің ашылған уақытынан бастағанды құп көреді.

Ал енді осы паркурға еліктеген жеткіншектеріміз арнайы дайындықсыз қандай да іс-әрекеттерді бағындырамын деп, қайғылы жағдайларға душар болуда. Жоғарыдағы айтып өткеніміздей, арнайы паркур мектебінде шыныққан жастармен өзімізді салыстыруға болмайды. Паркур ережесінің қыр-сырын терең меңгермейінше, кез келген әрекетке бара беруге болмай-тынын әрбір ата-ана білгендері абзал. Оның техникасын жете меңгермегендіктен осыдан бірнеше жылдар бұрын ауданымызда жас жеткіншек қайғылы жағдайға тап болса, жақында Саумалкөлдегі шағын ауданда паркурға еліктеген жас жеткіншек қауіпсіздік ережелерін сақтамағандықтан, иесіз көпқабатты үйлердің маңында құлап, дене жарақатымен ауруханаға түскен.

Ата-анасының әрбір ескертуін ұмытпай, ереже талабын бұлжытпай орындаған балалардың әр түрлі сәтсіздіктен аулақ болатыны шындық.

Сондықтан құрметті ата-аналар, балаларыңызды қараусыз қалдырмаңыздар, жолда жүру, қауіпсіздік ережелерін сақтауда балаларыңызға үлгі болыңыздар. Егеменді еліміздің болашағы – балалар. Сондықтан бала өмірінің қауіпсіздігіне нөмірқұрайлы қарамалық, ағайын.

Бағлан ҚОЖАҚОВ.

Жемқорлық індет. жою міндет

БӘРІМІЗДІҢ ОРТАҚ МІНДЕТІМІЗ

Президенттің әр жылғы Жолдауларында сыбайлас жемқорлыққа қарсы батыл күрес жүргізу, бұл дертпен бүкіл қоғам болып күресу қажеттігі айтылып келеді. Сыбайлас жемқорлық өте қауіпті, жағымсыз әлеуметтік көріністердің бірі болып табылады. Әсіресе, мемлекеттік билік органдарындағы сыбайлас жемқорлық қауіпті. Бұл жағдайда ол мемлекеттік қызметшілердің шешім қабылдауда беделін түсіретін өкілеттілігінің және қатаң құқықтық есеп берудің, шенеуніктерді қадағалаудың жоқтығынан биліктің монополияға айналуына әкеліп соқтырады. Ол еліміздің, қоғамымыздың және жекелеген азаматтардың мүдделеріне көп зиян келтіреді.

Сондықтан, Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі» деп көрсетті. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңға сәйкес, мемлекеттік міндеттерді атқаратын адамдардың, сондай-ақ, соларға теңестірілген адамдардың лауазымдық өкілеттігін және соған байланысты мүмкіндіктерін пайдалана отырып, не мүлкікті пайда алу үшін олардың өз өкілеттіктерін өзгеше пайдалануы, жеке өзі немесе делдалдар арқылы заңда көзделмеген мүлкікті игіліктер мен артықшылықтар алуы, сол сияқты бұл адамдарға жеке және заңды тұлғалардың аталған игіліктер мен артықшылықтарды құқыққа қарсы беруі арқылы оларды сатып алуы «сыбайлас жемқорлық» деп ұғынылады.

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңы ең пәрменді заңдардың бірі болып табылады. Бұл заң осы бірнеше жыл ішінде жоғары маңызға ие болып, мемлекеттік қызметшінің күнделікті пайдаланатын оқу құралына айналып отыр. Заңның ең басты құндылығы, ол азаматтардың

құқықтары мен бостандықтарын қорғауға, Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін жемқорлық көріністерінен туындайтын қауіптен сақтауға, сондай-ақ жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың алдын алу, анықтау, тыю және ашу жолында мемлекеттік органдардың қызметін қамтамасыз етуге бағытталған. Барлық мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалар өз құзыреттері шегінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүргізуге міндетті. Өз құзыреті шегінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын анықтау, алдын-алу және оны жасаған кінәлі тұлғаларды жауапкершілікке тарту прокуратура, ұлттық қауіпсіздік, ішкі істер, салық, кеден және шекаралық қызмет, қаржы және әскери полициясы органдарымен жүзеге асырылады.

Ауданымыздың өртке қарсы қызмет бөлімшелерінде қызметкерлермен сыбайлас жемқорлық заңнамасының нормаларын сақтау жөнінде айтарлықтай жұмыстар жүргізілуде. Аталмыш жұмыстар сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға және ескертуге бағытталған және қатаң қадағалауда болады.

Сыбайлас жемқорлықпен құқықбұзушылық фактісі туралы хабарлаған немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске өзге де түрде жәрдемдесетін адам мемлекеттің қорғауында болады және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен көтермеленеді. Сенім телефондары: ҚР ІІМ төтенше жағдайлар жөніндегі Комитеті - 8(7172)32-32-86, 8(7172)32-32-76; СҚО ТЖ Департаменті - 8(7152)52-24-54, 8(7152)52-21-72 e-mail:dchs_sko@emer.kz.; «СҚО ТЖД өрт сөндіру және апаттық-құтқару жұмыстары қызметі» ММ - 8(7152)52-26-37, e-mail:spasr_sko@emer.kz.; СҚО ІІД өзіндік қауіпсіздік Басқармасы - 8(7152)61-26-82.

Алмас ӘБІЛҚАЙЫРОВ,
№7 ОБ-нің бастығы.

Мемлекеттік тіл – бірлік бастауы

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ МЕНҒЕРУ - ПАРЫЗ

Қазақ тілі – халқымыздың болашағы, рухани өміріміздің бір бөлігі. Ата – бабамыздың ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен қорғаған ұлан ғайыр жерімізбен бірге ұрпағына аманаттап қалдырған ұлы мұрасы қазынамыз. Ата Заңымыз – Конституцияның 7 бабында Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіл – қазақ тілі деп көрсетілген. Ата заң аясында бақ-бөрекеміздің сақталып отырғаны тіл саясатын да дұрыс жүргізудің жемісі екені анық. Мемлекеттік тілді білу, оны жетік меңгеру – уақыт талабы. Қазақ тілі барлық мемлекеттік органдардың іс жүргізу саласындағы негізгі тіліне айналды. «Тіл туралы» Заң талаптарына сәйкес осы міндеттерді жүзеге асыру барысын-

да көптеген шаралар қолданып, жүзеге асырылуда. Тіл өте нәзік мәселе. Елбасымыздың «Қазақ қазақпен қазақша сөйлессін» деген сөзінің астарында тіл мәселесіне абайлап қарап, ең алдымен өзіміздің туған тілімізді қадірлеп, өзгелерге жолбасшылық жасауымыз қажет екендігі туралы ойдың жатқанын әрбір азамат түсінуі шарт.

Мемлекеттік тілді дамытудың бірден-бір жолы – іс қағаздары мен іскерлік байланыс құжаттарын мемлекеттік тілге көшіру. Мемлекеттік тіл – еліміздің бүкіл аумағында қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және іс қағаздары жүргізу тілі.

Сот саласында мемлекеттік тілді

дамыту бағдарламасын жүзеге асыру бағытында біршама жұмыстар атқарылып келеді. Кеңсе құжаттары мен қатынас қағаздары, нұсқау, өкім сияқты құжаттар мемлекеттік тілде атқарылады. Айта кететін мәселе, сотқа талап-арыз қай тілде түссе немесе алдын-ала тергеу барысында қай тілде жүргізілсе, сот ісі сол тілде жүргізіледі.

Туған тілімізді білу, оны ұрпақ санасына сіңіру, дамыту, мемлекеттік деңгейде толыққанды қолдануын қамтамасыз ету әрбір азаматтың қасиетті парызы. Ал біз әрбір қазақстан елінің азаматы мемлекеттік тілдің дамуына барынша ат салысуға міндеттіміз.

Самал АЛДАҒҒАРОВА,
Айыртау аудандық сотының бас маманы.

Абай Құнанбаевтың туғанына 170 жыл

Абай – дана, Абай – дара қазақта

2015 жылы екліміздің тарихи, мәдени және экономикалық дамуына сүбелі үлес қосқан танымал тұлғалардың мерейтойлары мен тарихи оқиғалары кеңінен аталып өтілуде. Соның ішінде Ұлы ақын Абай Құнанбаевтың туғанына биыл 170 жыл.

Ұлы ақын, ағартушы, қазақтың жазба әдебиетінің және әдеби тілінің негізін салушы – Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы 1845 жылы 23 тамызда Семей облысы (қазіргі Шығыс Қазақстан облысы), Абай ауданының Шыңғыстау бауырында дүниеге келді. Абайды жеңгелері екі шешенің ортасында тәрбиеленуі себепті Телқара деп атап кеткен. Ауылда молдадан хат танып, он жасында Семейдегі Ахмет Риза медресесіне оқуға түседі. Үш жылдай оқып, дін сабақтарымен қатар шығыстың ұлы классиктері Науаи, Фзули, Саади, Хафиз, Шамси, Саи-хали шығармаларын оқып танысады. Ел билеу ісіне Құнанбай Абайды баули бастайды. Абайды оқудан ерте тартып алуының себебі де осы болды. Ел қамы үшін әділет жолын ұстанған Абайдың үстінен арыздар жазылып, абақтыға да отырып шығады. Абай жасы отыздан аса орыс әдебиетімен таныса бастайды. Семейге айдауға жіберілген Е.П.Михаэлис бастаған орыстың социал-демократтарымен танысып, өз бетімен орыстың классиктерінің шығармаларын оқуға қол жеткізеді. Абайдың өмірі мен шығармашылығындағы өзекті тақырыпты танып білу үшін Құнанбай заманы мен Абай өмір сүрген дәуірдің ерекшелігін, айырмасын жете білу маңызды. Абайды оқып зерттеген жазушы М.Әуезовтің атап көрсеткеніндей Абай мұрасының нәр алған рухани үш арнасы: өз халқының мәдени мұрасы мен Шығыс, Батыс елдерінің рухани қазынасы болды. Оқи жүріп, іштей толысып жетіле жүріп ақындық өнердің қоғамдық санада зор тәрбиелік мәнін танып, жасы қырықтан асқан шақта ақындық өнерге құлай берді. Адам болу мәселесі сонау тар қапас заманда дүниеге келген ұлы Абайды ерекше толғандырған. Міне сондықтан да ақынның ғылым, білімге шығарған өлеңдері бүгінгі күнге дейін маңызын жоғалтқан емес. “Жасымда ғылым бар деп ескермедім”, “Ғылым таппай мақтанба”, “Білімдіден шыққан сөз”, “Әсемпаз болма өрнеге” атты өлеңдерінің негізгі идеясы мен мақсаты – Абайдың ұрпақ тәрбиесіне арналғанын көреміз. Абай өз заманының перзенті ретінде сол дәуір дайындаған көлемде ұлан-ғайыр еңбек етті. Кемеңгер Абай өлеңді сөздің патшасы, сұз сарасы деп бағалады. Ол өлең құрылысы жағынан да жұп-жұмыр шығып, артық сөз, орынсыз ой қосылмай, өлеңнің бас-аяғы теп-тегіс шығуын, мазмұн мен түр бірлігін керек етеді. Сырты күміс, іші алтын болып ерекшелуін ақындар алдына жаңа әдебиеттің эстетикалық мұраты ретінде ұсынды. Абайдың “Ескендір” мен “Масғұт” дастан-поэмалары шығармашылық тәрбиесімен жазылған, дәуір шындығын дәл бейнелеуге талпынған шығармалар болды. Абай өзінің қара сөздерінде де адамгершілік мәселесінде адамды ақылды талапты, қайратты болуға шақырады. Абай 1904 жылы туған жерінде қайтыс болып, сүйегі Жидебай деген жерге қойылды. Бүгінде Жидебай – қонақтардың ақын өмірімен танысуда кең мағлұмат беретін әдеби-мемориалдық мұражай болып қызмет етуде.

Абай мұрасының тәрбиелік мәні, тағылымдық бағыт-бағдары

«... Жүрегіміздің түбіне терең бойла, Мен бір жұмбақ адаммын, оны ойла. Соқтықпалы, соқпақсыз жерде өстім, Мыңмен жалғыз алыстым, кіне қойма!...»

Абай болашақ ұрпаққа сөзін осылай арнады. Бұл өткеннің құлазыған ғасыр-ларынан өзіне бейтаныс, басқа, бірақ жар-қын болашаққа сенімді жол салған ақынның айтқан сөзі еді. Даланы торлаған надандық түңгегіне ол шамшырықтай сәуле төкті және таңы атып, күні шығатын жаққа апа-



ратын жолды өз халқына талмастан көрсетті...

Абайға деген бетбұрыс жаңа жаңғырып келе жатқан кезең халқымыз тәуелсіздік алған заманға түспа-түс келіп отыр. Дүние жүзі халықтары Абайды тану арқылы оны туып, өсірген халқың елін тани бастады.

Абай ұлы ғұлама ақын, моралист – ойшыл қазақ елінің, бүкіл түркі тектес халықтарының ортасынан шыққан әлемдік тұлға. Абайдың өмірі, істеген ісі, жазған өлеңдері мен сөздері өз халқының тағдырымен тығыз байланысып, оның болмыс-бітімінің айнасындай болып жатыр.

Абай шығармасының сая бағында өсу, тәрбие алу – қазақ халқының бүгінгі ұрпақтарының алдағы тұрған міндеттерінің бірі.

Абайға әр оралған сайын «көкірек көзің ашылады», азаматтық ірілік пен адамдық ұғымдардың жаңа қырларына, сырларына жолыққандай боласың. Қазақ халқының алдында өнді қазақтың Абайын әлемге таныту, оны Адамзаттың Абайын айналдыру тұр.

Абай – құбылыс, ғасырларда біртуар ғұлама. Туысы бөлек, бесігі өлең, өсуі еркін. Оқуды өмірден алған. Оқуға зерек, ұғымға үшқыр, талаң мектебі орта болған. Сондықтан да оның түрлі айтыстар мен даулардағы, мәжілістер мен кеңестегі айтқан пікірлері – дара өнеге, нақыл. Ойла-нып жазғандары өлең өнер болған. Абай дүниеге өз көзімен қарап, көргені мен сезгенін жалтақтамай айтқан. Құдай берген даналық оны даралық жолына, данышпандық шыңына бастады. Өмір мен қоғамды барлап, болашақты болжап жазған әр шығармасы – осы шыңға шығар жолындағы баспалдақ.

Нағыз ақын, ері патриот Абай халыққа оның неге қасірет шегетінін түсіндіруге тырысты. өзінің шығармашылығында ол феодалдық-рулық билеп-төстеушілерді аяусыз әшкерелеп, халықты өнер-білімге шақырады.

Ел бағу? Мал бағу? Ғылым бағу? Софылық қылып дін бағу? Балаларды бағу? Осындай бес түрлі қоғамдық, эконо-микалық, ғылыми, діни маңызы бар және бала тәрбиелеу ісіне қалған өмірін жұмсаудан бас тартқан Абай «... ақ қағаз бен қара сияны ермек қылайың кімде кім ішінен керекті сөз тапса жазып алсын, я оқысың керекі жоқ десе, өз сөзім өзімдікі дедім де, ақыры осыған байладым, енді мұнан басқа ешбір жұмысым жоқ», - деп ойын тұжырымдайды.

Абай тірелген тығырық тек қана өз басының мәселелері ме, жоқ болмаса, ол қазақ халқына тән құбылыс па? Абайдың соншама пессимистік ойға шомуының себептері неде?

Өскен орта, көрген үлгі, тоңмойын надандық толқыны ағызып, ақын көзін ақиқатқа ашқызбай, заман то-

нын кигізіп, 35 жасқа шейін ықтиярсыз айдап келді. Бұл жасқа келгенде маңайындағы жұрттың кір, бұзық мінездері бар қалпымен көзінде айқын суреттеледі. Өкінді, өксіді, жиренді... осы өкініш, өксіктің уыты бойын керней, ызалы, кекті, улы көп әсері көп із қалдырды.

Осы өткен өкініш, жалған өмірден «өксіктің уыты керней ызалы, кекті...» Абай төмендегі бір шумақ өлең арқылы терең ойын баяндап береді.

Өңкей ұды жинап ап, Себеңді сорлы жүрекке. Адамның үшкір секілді Ұлып жұртқа қайтқан ой. Өкінді, жолын бекінді. Әуре болма, оны қой.

Абайдың 80 жылдарға жақындаған кезіндегі өмірінің сыртқы пішіні қазақ халқының өміріне тән қоғамдық жайлармен іспеттес екенін көреміз. Абайдың қолына қалам алып, надандықпен алысуға бет байлап, ақиқат пен жалған пәлсапалық категориялар заңдылықтарына сүйене отырып жазған өлеңдері мен қара сөздеріндегі педагогика, мораль, эстетика, психология, философия, этика, сатира, әдебиет, өнер, ғылым саласында айтылған терең ойларына қайран қаласың, таңырқайсың.

Абай қазақ халқының мінез-құлқындағы келеңсіз, нашар қылықтардың қайдан және қалай туындайтынын саралап, ақиқат пен жалған философиялық категориялар арқылы талдап беріп отырады. «Қазақтың бірінің біріне қаскүнем болмағанын, бірінің тілеуін бірі тілеспейтуғынын, рас сөзі аз болатұғының, қызметке таласқыз болатұғының, өздерінің жалқау болатұғының себебі не?» - деген сұрақ қойып алып, ары қарай талдау жасап, ол талдауларды бір топ философиялық категориялар арқылы таразылайды. Мәселен, Абай бұл тұрғыда тек қана өз халқының туындыларына ғана зер салмай «Һәмма ғылымға белгілі данышпандар әлдеқашан байқаған» - деп өзінің ой-өрісінің кеңдігін дүние жүзіне белгілі данышпан адамдар, ғалымдар, ойшыл-философтардың еңбектерімен таныс екенін білдіре келе: «Әрбір жалқау кісі қорқақ, қайратсыз тартады; әрбір қайратсыз-қорқақ, мақтаншақ келеді; әрбір мақтаншақ – қорқақ, ақылсыз, надан келеді; әрбір ақылсыз – надан, арсыз келеді; әрбір арсыз жалқаудан сұрамасақ, өзі тыйымсыз, өнерсіз, ешкімге достығы жоқ жандар шығады» - дейді.

Абайдың осы сөзінде пайдаланылған философиялық категорияларға зер салсақ: қорқақ-ақылсыз, қорқақ-мақтаншақ, қорқақ-қайратсыз, ал қорқақ категориясы жалқаулықтан туындайтынын ашық айтып отыр.

Абайдың бұдан 100 жыл шамасы бұрын қазаққа айтқан ойларының

тереңдігі бүгінгі егемендігін қолына алған Қазақстан Халқына, оның ішінде қазаққа айтылар ойларымен ұштасып жатқан жоқ па. Абай философиясының халық тағдырымен ұштасуының негізгі себебі халқына деген шексіз сүйіспеншілігінде, жан-тәнімен бар күш салып көмектесуінде, болашаққа жол сілтеуінде, жаны ауырып күйзелістен туындайтын философиялық ойлар, философиялық категориялар арқылы шешімін табуында.

«Құлық саумақ көз сүзіп, тіленіп, адам саумақ – өнерсіз иттің ісі. Әуелі құдайға сыйынып, екінші өз қайратыңа сүйеніп еңбегінді сау, еңбек қылсаң, қара жер де береді, құр тастамайды» - дейді Абай.

Абай айтқан құлық сауу, көз сүзу, тілену, адам сауу (адам қанау) – өнерсіз иттің ісі. Ал мұндай теріс мінезден арылу үшін Абай қандай кеңес береді – еңбегінді сау дейді. Ал еңбекті сауу үшін бос күлкіден, жарамсыз қылықтан, мақтан-шықтан арылғанда ғана өнерсіз иттіктен кетесің дейді. Абай өнерге үйрену мәселесі адамның өміріндегі ең бағалы да қажетті іс екеніне көзімізді жеткізді. Бүгінгі өмірдің тауқыметі базар, нарық экономикасының ауыртпалығына тіреліп отырған халқымыздың мән-жайы, одан туындап отырған кеселдер сол Абай заманында да, бүгін де белең алып отыр. Ол Абай айтқан «Құлық саумақ көз сүзіп, тіленіп, адам саумақ – өнерсіз иттің ісі» - дегендей құлық, көз сүзу, тілену, адам адамның еңбек ақысын жеу арқылы өзінің мал мүлкін молайту, жастарымыздың, қала берді үлкендеріміздің де ісі, бүгінгі таңның ең бір жағымсыз қылықтарының бірі екеніне бәріміз де куәгерміз.

Абай бұл ойларының түйінін бесінші сөзінде де, қазақ даласында көп таралған мақал-мәтелдердің мазмұны арқылы да дәлелдеген қазақ тыныштық үшін, ғылым үшін, білім үшін, әділет үшін қам жемейді екен. Ал тек қана мал үшін қам жейді екен. Ал мал табу жолын біле ме? Оны да білмейді. Оның бар білетіні – малдыларды алдап, арбап, мақтап, мал жинау, егер бұл іске аспаса, алдап немесе мақтап ала алмаса, онда әкесімен болса да жауласудан тайынбайды екен. Әйтеуір ұрлық, қулық-сұмдық, тіленшік, соған ұқсаған қылықтардың қайсысын болса да қылып, мал тапса жазалы демесек керек екен. Осындай Абай айтқан әдіспен мал тауып, халықты алдап, арбап, қулықпен, сұмдықпен, ұрлықпен, зорлық-зомбылықпен көгеріп, көркейіп отырымын деп санайтын адамдар бүгінгі таңда баршылық екеніне бәріміз тағы да куәгерміз.

Абай алтыншы сөзінде қазақтың «бірлік пен тірлікті» қалай түсінетінін көрсеткен. «Өнер алды – бірлік, ырыс алды – тірлік» деген мақалдың пәлсапалық мәні қандай? Оны дұрыс түсіне ала ма? «Қазақ ойлайды, - дейді Абай, - бірлік ат ортақ, ас ортақ, киім ортақ, дәулет ортақ болса екен» деп. Осы ортақтықты бірлік деп түсінеді. «Олай болғанда байлықтан не пайда, кедейліктен не залал? Ағайын құрымай мал іздеп не керек? Осы ма бірлік?» - деп Абай «бірлік» сөзінің мағынасын өзі ашып береді. «Жоқ, - дейді Абай, - бірлік – ақылға бірлік, малға бірлік емес. Малды беріп отырсаң, атасы басқа, діні басқа, күні басқалар да жалданып бірлік қылады. Бірлік малға сатылса анұғрандықтың басы осы».

Мызғымайтын шындықтарды айтуды Абай алдына ешқашан мақсат қылған емес. Рухани дүниесі құлдырау жолына түскен тобырларды дұрыс жолға салу қиынның қиыны болатын. Осыны сезінген Абай қатты қиналып, дағдарысқа ұшырайды. «Мыңмен жалғыз алыстым, кіне қойма!» деп мұңын шаға келіп, оның себебін түсіндіреді.

Бас басына би болған өңкей қықым,

Мінеки, бұзған жоқ па елдің сиқын? – («Қалың елім, қазағым, қайран жұртым», 1886 ж.)

деп отаршыл саясаттың құрбаны болған елдің «атқа мінерлерінің» кінәсін көрсетіп, оларды аяусыз мінейді. Абайдың «Болыс болдым мінеки», «Болды да партия», «Бөтен елде бар болса», «Қалың елім, қазағым» деген өлеңдері халықтың көзін ашып, оятуды көздеген, атқамінер белсенділерді жаман әдеттен сақтандыруға арналған туындылар еді.

Абай өлеңдерінде халықты азғын-

даудан сақтандырады, жаман әдеттен жиынуға, адамгершілікке шақырады, өз шығармалары арқылы моральдық-этикалық нормаларды орнықтыруды көздейді. Сөйтіп Абай елдің ақылшысы, қамқор-шысына айналады. Бірақ көпшілік қауымның оның ұсынған асыл мұрасын қабылдап, түсінуге өрісі жетпеді. ал елдің озбырлары болса, оған бөгет жасауға ұмтылып, аяғынан шала берді. Осыған налыған Абай былай деп ой тербейді:

Ерте ояндым, ойландым, жете алмадым,

Етекбасты көп көрдім елден бірақ. («Өлсем, орным қара жер сыз бол-май ма?», 1898 ж.)

Абай мұрасының тәрбиелік мәні, тағылымдық бағыт бағдары тұра-сында сөз қозғағанда, алдымен ойға оралатын Абайдың өз басының адамгершілігі. Ақыл мен қайратты, білім мен адамгершілікті тең ұстаған ақын шығармаларына деген ілтипатымыз, құштарлығымыз бүгінгі күн санап артқандай болса, ал мынау нарықтық экономика қыспағында қысылып жүрген жағдайда ақын шығармаларына, оның терең мағыналы, күні бүгінге дейін мәнін жоймаған ой-тұжырымдамаларына деген қажеттілік одан да артық. Оның кіршіксіз, таза, ақ жүрегінен тебірең туындаған жырларынан адам жанына әл қуат беретін, жанға жайлы, ыстық леп ескендей.

Бар асылың, ойын замана жастарына, келер ұрпаққа да арнады. Оның шығар-машылық қызметінің негізгі мұраты – адам тәрбиесі. Ұстаз сөзінің биік мағынасы Абайдай ағартушыға өте орынды айтылған. Абай халықтың үлкені мен кішісіне, ұлы мен қызына, әкесі мен баласына өмірлік қажет пен еңбек пен адамгершілік, өнер мен білім, өнеге мен тәлім, достық-жолдастық, парыз бен қарыз сияқты қасиеттердің асыл үлгілерін жырымен де, ғақилаларымен де жеткізе білді. Ойшыл ақынның ағартушылық тұрғыдағы педагогикалық тұжырымдары негізінен жастарды халқына адал қызмет ететін нағыз азамат – «Толық адам» етіп тәрбиелеу мақсатынан туындаған.

«Адамның білімі, өнері – адамшылықтың таразысы» деп санаған Абай білімді барлық атақ, құрмет пен бедел байлықтан жоғары қояды. Ақын адамның ең қымбат кезі – жастық шақты оқуға, ғылымға, жұмсауды еске салады. Ойын-сауықты кейін қоя тұрып, алдымен ғылым жолында еңбек ет, іздең, білімдіден үйрең үлгі ал, солардай болуға тырыс дей келе:

«Дүние де өзі, мал да өзі Ғылымға көңіл бөлсеңіз...», - деген тұжырым ұсынады.

Абай адам болуға ұмтылған әрбір жалынды жастың бойына адамшылықтың қандай нәрің, неңдей ізгілікті қасиеттерді егу, орнықтыру керектігін «Ғылым таппай мақтанба...» өлеңінде:

«Бес нәрседен қашық бол, Бес нәрсеге асық бол, Адам болам десеніз...» - деп, айқындап берді. Осындағы «Адам болу, оған тезірек жетуге, асығуға ұмтылатын бе нәрсе не?» деген сұраққа Абай:

«Талап, еңбек, терең ой, Қанағат, рақым ойлап қой – Бес асыл іс көнсеңіз...» - деп, кесімді, тұжырымды жауап береді.

Шын мәнінде нағыз адам болу үшін адамгершілікке тән, жағымды жақсы қасиеттер, жақсы сипаттар – адамдық, әділеттік, достық, махаббат, ар-намыс, сабырлық, батырлық т.б. толып жатыр. Солардың ішінен ақын жастардың бойындағы адамгершіліктің негізгі қасиеттері, «Бес асыл іс»: талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақым туралы даналық ой қозғауының өзіндік мәні бар.

«Бес дұшпан» - Абай айқындап берген адамгершілікке жат этикалық-әдеп нормалары. Абай «Бес асыл» ісінде нағыз адам болу үшін бес нәрсеге асық болу керектігін айтса, «Бес дұшпанында»:

«Адам болам десеніз, Оған қайғы жесеңіз. Өсек, өтірік, мақтаншақ, Еріншек, бекер, мал шашпақ – Бес дұшпаның білсеңіз...»

-деп адамның бойындағы жағымсыз қасиеттерді сыңға алады. Ақынның түсіндіргеніндей адамгершілікке жат жа-ман қылықтар – арамдық, әдепсіздік, әділетсіздік, жағымпаздық, жылпостық, менмендік, қулық-сұмдық, пәлекорлық т.б. толып жатыр.

Жалғасы 4-бетте.

Абай Құнанбаевтың туғанына 170 жыл

Абай – дана, Абай – дара қазақта

Жалғасы. Басы 3-бетте.

Абай қазақ халқының дамуы үшін, оның басқа елдер қатарына жетуі үшін бұл әдеттердің бәрі де кедергі болатын қылықтар деп ұғып, бұларға барынша қарсы шықты. Ақын сол кездегі ауылдың басты әдеттерінің бірі – өсек, өтірік, мақтаншақ, бекер мал шашпақ тәрізді елді аздыратын мінез-құлықты өшкерелеп, жұршылықты олардан сақтандырмақ бол-ды. Қазақ қауымының болашағы жастар-дың бойына адамгершіліктің асыл қасиеттерін қалыптастыру туралы даналық ой қозғайды. Адам болам десең, байлықпен озбай ақыл әділеттілік, ғылым, ар, жақсы мінезбен оз дейді. Қазақ қоғамында жан-жақты жетілген адамды арман ете отырып, оның мінезді болуына, мінездің әлеуметтік өмірдегі қызметіне айрықша мән береді. Тұған халқын барынша сүйгендіктен, оның әлеуметтік өміріндегі кемшілігін мінеп, соны жоюға күш салды. Өз мінін көре алмаған халықтың прогреске ұмтылмай-тынын түсінді. Сондықтан ол кертартпа патриархалдық-феодалдық дәстүрлерге қатап да батыл қарсы күресті, әлеуметтік өмірдің жана да озық өлшемдерін уағыздады. Өз шығармаларында прогрес-шіл әлеуметтік күштердің мүддесін қорғады. Кеменгер Абайдың әлеуметтік ойлары – әлеуметтік іліміне қосылған үлес.

Адамды көздеген мақсатына, асыл арманына жеткізетін ғылым-білімді меңгеруге мүмкіндік тудыратын жан қуаттарының бірі – ерік-жігер, қажыр-қайрат. Ерік-жігер адамның өз мінез-құлқын меңгере алу қабілеті, оны әр түрлі кесепаттардан, пайдасыз құмарлықтардан қорғайды. Абайдың айтуынша «жан қуаты деген қуат пен бек көп нәрсе... бұл қуаттың ішінде артық қуат бар... ол жоғалса, адам баласы хайуан болды,

адамшылықтан шықты». Ақын «... ақылды сақтайтуғын мінез деген сауыты болады. Сол мінез бұзылмасын!» - деп, адамның өзі тандап түскен жолынан таймауына ерік-жігері мен қажыр-қайратының ғана көмектесетінін еске салады. Адамның бірқатар жағымды да, жағымсыз қасиеттерін көрсете келіп, олардың табиғатын түсіндіруге тырысады.

«Тиянақсыз, байлаусыз байғұс қалпың,

Не түсер қу түлкіден жыртын-жыртын...» - деп тиянақтылық пен ұстам-дылықты адам мінезінің жақсы қасиет-теріне жатқызады.

Адамгершіліктің мәні жөнінде терең толғаған ақын өз ойын әлем кеңістігіне жүгіртіп, Ар, Ұят, Намыс деген ұғымдар адам өзінің ары алдында жүгінген кезде түйсігімен түсінетін киелі ұғымдар екенін, әр адам өзіне-өзі жауапты екенін аңғарта айқындай түсіндіре келіп: «Осы да есеп бола ма, Ар, абұйыр тапқанға? Миың болса жолама Бос желігіп шапқанға...», «Абиыр қайда, ар қайда? Өз басыңа не пайда?...», «Достық, қастық, бар қызық жүрек ісі, Ар ұяттың бір ақыл-күзетшісі. Ар мән ұят сынбаса өзге қылық, Арың, алқын – бұл күннің мәртебесі», - дейді. Адамды адам етіп тұрған Ар екендігін тіпті өлім төніп тұрса да Ар сатуға болмайтындығын, халық санасында «өлімнен ұят күштіні» терең түсінген Абай – қазақтың тарихына ой жүгірте отырып: «Аты аталып, аруақ шақырылған жерде ағайынға өкпе, араздыққа қарамайды екен...», «өзіне ар тұтқан жаттан зар тұтады», - деп түйеді. Абай түсінігінде әр адамның ең үлкен күнәсі, міні, өзінің өз ары алдында жасалған рухани қылмысы – арын сату, арсыздыққа салыну, ұяттан безу.

Мұндай-ларға Абай төмендегідей теріс бата береді: «Ант ішіп күнде берген жаны құрсын, Арын сатып тіленген малы құрсын, Қысқа күнде қырық жерге қойма қойып, Қу тілімен қулық салған заңы құрсын».

Адам болудың бір шарты – Ұят деген ұғымды бойға сіндіру. Ұят дегеніміз – адам бойындағы адамгершілікке жат, жаман қылықты, істі өз мойнына алып, өзіңді-өзің сөгү, өзіңе-өзің ұрсу, өзіңді-өзің дұрыс, әділ адал жолға салу. Абай ұяттыларға мейірленсе, ұятсыздардан жиіркенеді де: «Қайнайды қаның, Ашиды жаның, Мінездерін көргенде», «Жігерлен сілкің, Қайраттан беркін!» деп насихат бергенде; «Ұятсыз, арсыз салтынан Қалғып кетер артынан» деп, ұятсыздарды сөгіп, «осы күнде менің көрген кісілерім ұялмақ түгіл, қызармайды да, ол істең мен ұятты болдым дедім ғой, енді нең бар?» - дейді. Ар, ұятпен қатар саналы қазақтың табиғатына сіңген бір ұғым – Намыс. Ақын бұл ұғымға да ерекше мән береді. «Бұрынғы ата-бабаларымыздан артық екі мінезі бар: соның екіншісі – намысқор келеді екен». Ар ұяттан айырылған намыс дегенді білмейтін білгісі де келмейтін болыстарды Абай мысқылдай кекетіп, өткір сатиралық тілмен түйреп:

«Сүйегім жасық, буын бос, Біраз ғана айлап бар, Айлап құрсын білемін – Болыстықтың жолы тар Қайтіп көмек болады, Антұрған өңкей ұры-қар? Көргенім әлгі ойлашы, Ұят, намыс, қалды ма ар?...» - деп налицы. Не құдайшылыққа, не адамшылыққа жатпайтын, ардан бездіруге итермейлейтін «жар-

лы болсаң, арлы болма ма», жалқаулыққа, сұрампаздыққа, жыл-постыққа шақыратын «Қалауын тапсаң қар жанады, Сұрауын тапса, адам баласының бермейтіні жоқ», ұрлыққа, мейірімсіздікке бағыттайтын «Алтын көрсе періште жолдан таяр», «Ата-анадан мал төтті, алтын үйден жан төтті» дейтін, ата-анасын малға сатуға бейім тұрған опасыздардан, сатқындардан «бек сақ болу керектігін» қатты ескертеді.

Ақын адамгершілік, мораль мәселесін сөз еткенде жақсылыққа: адамшы-лық, адалдық, әділеттілік, берекелік, достық, білімділік, еңбеккерлік, терең ойлылық, ерлік, жомарттық, қайраттылық., кісілік, қанағатшылдық, рахымдылық, махаббат, арпылық, намысқойлық, сабырлық, сертке беріктік, табандылық, татулық, төуекелшілдік, шүкіршілік т.б. қасиеттерді, жамандыққа: арамдық, азғындық, айла-керлік, парақорлық, арызқойлық, тақап-парлық, сарандық, алдампаздық, сайқалдық, даңққұмарлық, әділетсіздік, әдепсіздік, пәлекорлық, паңдық, әсемпаздық, бақастық, борышқорлық, өсекшілдік, на-дандық, менмендік, әсемпаздық, еріншек-тік, әулекілік, есерлік, жалақорлық, мақтан-шақтық, жарамсақтық, залымдық, жылпостық, қияңқылық т.б. жиіркенішті мінез-құлықтарды жатқызады. Абайдың негізгі этика, адамгершілік, түсініктері әділдік пен әділетсіздіктің ұғымдық мәнін, арақаты-настарын түсінуге арналған

Ақын білімді деген ұғымға өзінше ерекше мән береді. Абайдың түсінігіндегі білімді адам – адамдардың арасындағы қарым-қатынастарды (өкелі-балалы, алыс-жақын, туыс-

тума, үлкен-кіші, ерлі-байлы, жолдастық, достық) дұрыс түсіне білетін адам. Мектептен алған білімін адамгер-шілікпен ұштастыра білмейтіндерді Абай адамсымақтардың ең үлкен наданы, арамы екенін айта келіп:

«Осы жасқа келгенше Өршеленіп өлгенше, Таба алмадық еш адам Біздің сөзге ергенді, Өмірдің өрін тауысып, Білімсізбен алысып, Шықтық міне белге енді...» - деп тоғыршылықтан адамдыққа, білімсіздіктен білімділікке қарай күрес жолында өткен өмірін баяндайды. Абайдың бұл ойлары «жақсылық ақиқатпен бірге болады, жамандық білімсіздіктің салдары», сондықтан да «өзіңді-өзің таны, өзіңді-өзің біл» деген этикалық принциптермен ұштасып жатыр.

Абайдың адамгершілік туралы, Адам деген атқа лайық сілтеген бағыттары, көрсеткен жолдары ақынды бізге жақындата түседі. Абай өткеннің ғана Абайы емес, біздің қасымызда жүрген қазақ халқының басына қиыншылық түскенде дем беруші, рух беруші пайхамарымыз, рухани көсеміміз. Абай 19 ғасырдың ортасында дүниеге келіп, 20 ғасырдың басында бұл дүниеден кетіп қалған жоқ. Абай заттың адамы емес, рухтың адамы. Абайдың адамгершілік туралы этикалық ойлары, пікірлері өз халқының ұрпақтарына әрқашан көз бере бермек.

Поэзияда, музыкада, қоғамдық-азат-тық ой-пікір саласында өлмес-өшпес шығармалар берген Абай қазақ халқының өткен замандағы өмірін зерттеуші біздің ұрпаққа таңғажайып тұлға болып көрінеді.

Бағлан ҚОЖАҚОВ.

Білгенің жөн

ТОЙДЫҢ ТӘРБИЕЛІК ТАҒАЛЫМЫ

Қаракөз бауырларымыздың арасында қазақты «тойшыл халық» деп кекететіндер де, «қазіргідей қаржылық дағдырыс, жұмыссыздық заманында той жасап қажеті не?» деп кінәлайтындар да баршылық. Бұл сөзді олардың бірі қазақ тойындағы ысырапшылдық үшін айтса, екіншісі өзінің сараңдығынаң, ішінің тарлығынан айтады. Осы орайда ойлап қарасаңыз, қазақ отбасының қуаныш-қызығында дастарқан жайып, онда ағайынның басын қосып, бірге отырып дәм татысуының айыбы жоқ. Тек қандай тойдың да үй иелерін қып-қызыл шығынға батырмауы, оның байлығың атақ-даңқын шығаруы үшін жасалмауы қажет. Әлқиса, бүгінгі әңгіме қазақ тойы хақында.

Той дегеніміз не?

Қазақтың дәстүрлі қоғамында әрбір шаңырақта, ру, жүз, ауылда, елде үлкен қуанышты кездерде жасалатын салтанат – той деп аталады. Әр әулеттің, ағайынның жомарттығы мен мәрттігі, ұйымшылдығы, халықтың өнерпаз, батырлығы, ұлттық ойындардағы шеберлігі осындай тойларда көрініп, танылады. Қазақтың салт-дәстүрінде ораза айт, құрбан ай тәрізді-діни мейрамдар, наурыз, қымызмұрындық, сабантой (мизам), соғым басы сияқты жалпы халықтың тойлар, биебайлау, сірге жияр, жүн қырқар, тулақшашар, күйек байлау, шашыратқы, уызқағанақ дегендей кәсіптік мейрамдар да болған біразы қазір де бар.

Мұның сыртында дәстүрлі үйлену, қыз ұзату, шілдехана, тұсаукесер, тілашар, сүндет, мүшел, мерей тойлар да өткізіліп, ерлі-зайыптылардың отау құрғанына жиырма бес, елу жыл толғанында күміс, алтын тойлары да жасалып, туған-туыс, көрші-көлем, ағайын бас қосады. Жана жыл, Республика күні, әйелдер күні де әр шаңырақта әр түрлі дәрежеде аталып өтіп жатады. Адамның туған күндері де ешқашан атаусыз қалмайды. Жана баспанаға кіргенде де, мемлекеттік наградалар алғанда да ақ дастархан жайылады.

Тойдың кәде—жоралары, жолдары

Олар: тойхана, тойбастар, көрімдік, байғазы, сый, тойтарқар, айттық, мүше сұрау, сарқыт, байлау, т.б.

Тойхана. Этнограф-жазушы Сейіт Кенжеахметұлының жазып, қалдырып кетуі бойынша: «Тойға әкелген сый-сияпатты қазақ «тойхана» деп атайды. Оған еркім өз шамасына қарай кілем, мал, ақша да әкеле береді. Мұндай салт қазір де бар». Иә, қазақ тойдың түрлеріне қарай оған әртүрлі сый-

ескерткіштер әкеледі: Асқа – сауың, сойыс, тойға – тойхана, үйлену тойына – нөмеурін, бала сүндеттегенде – бәсіре, мүшелтойға – сыйлық т.б. Тойхана берудің мәнісі тойда жұмсалатын шығынды туған-туыс, ағайын болып бірге бөлісу, ынтымақтастық таныту, бөрінің де басы бүтін, іргесі мықты, біртұтас ел екендігін паш ету.

Шашу. Ежелгі ғұрып. Ойын-тойда жасалады. Ол қуаныш айғағы ретінде жасалады да, шашу ретінде құрт, көмпит, күміс теңгелер шашылып, тойға қатысушылар «Бізде де осындай тойлар болсын» деген ырыммен жерден теріп алады, балаларына апарып береді. Шашуды әйелдер шашуға тиісті.

Тойбастар. Бұл да дәстүр. Қазақтың қай тойы болмасын, «тойбастар» жиырымен басталады. Тойды кәдімгі ойын-сауықта шырқалып жүрген әсем әнмен де бастауға болады. Оны да «той-бастар» деп атап, айтқан адамға да жақсы сыйлық беріледі. Осы орайда Ахмет Байтұрсынов: «Тойдың кешкі ойынын өлеңмен бастайды. Сонда айтылатын өлең-тойбастар», - дейді. «Тойбастарды» бұрындары өлге белгілі ақын, өншілер бастайтын-ды. Тарихтан бізге жеткен бір дерек, Баймағанбет сұлтанның Ақылқаныкей деген қызы ұзатылғанында, той бастарды атақты Шернияз ақын айтыпты. Қазақтың халық ауыз әдебиетінде «Тойбастардың» көптеген үлгілері бар.

Тәбәрік. Ойын – тойдағы бейгеде, көкпар тартыста, айттыс, күресте біреу бейгені жеңіп, үлкен сыйлық алса, немесе құдалық салт-дәстүрінде кәде келсе, оны жанындағыларға үлестіріп береді. Егерде бермесе, жұрт «сый-сияпат, бейгеннен бізге тәбәрік бер» деп сұрап алады. Әлгі адам тәбәрік бермесе, сараң аталады, дәстүрді сыйламаған адам болады.

Тойтарқар. «Тойбастармен» басталған қазақ тойы «тойтарқармен» аяқталады. Ол той бітіп, қонақтар аттанғаннан кейін үй иесінің асабадан бастап той жабдығын, тамағын өзірлеген, оның жақсы өтуіне ат салысқан адамдардың шақырылып алып, қонақасы беруді, сый-сияпат жасауы, ақ алғысын білдіруі. Ағайын, туыстың тойды тартымды да тәрбиелік мәнде ұйымшылдықпен өткізуге қаншалықты белсенді түрде қатысқандығы осы тойтарқарда байқалады. Қазақтың тойтарқары да ән-жырмен аяқталады.

Сарқыт. Тойдан, айттан адамдар ырымдап көмпит, құрт тәрізді дәмнен алып, үйлеріндегі балаларына әкеліп береді. Мұны «сарқыт» деп атай-

ды. Сарқыт әкелетіндер көбінесе, ақ шашты әжелер. Оны балалар, жастар үлкен кісілердің жолың, абыройын бізге де берсін деп таласып жеп, ырым қылады. Содан сарқыт – ырымдық, тәрбиелік, дәстүрлік зор мәнге ие.

Қазақтың мәрт мойы

Бұлар: наурыз мейрамы, қымызмұрындық, мизам (сабан той), соғым басы.

Наурыз мейрамы. Күн мен түн тепе-теңдікке келген сәттен бастап тойланатын. Қазір 22 наурызда той үлкен салтанатпен басталып, бүкіл халықтың мейрамға ұласады. Наурыз мерекесінде жамағат бұлақтардың көзін ашып, тал егіп, игілікті жұмыстарды атқаратын-ды. Бұл дәстүр содан бері жалғасып келеді. Осы кезде мал төлдеп, жер көктеп, дүние жаңаруға көшетіндіктен, халық наурыз тойын «тепе-теңдік», «игілік», «жаңару» мейрамы деп те атайды.

Қымызмұрындық. Жаз тойы. Мамыр айынан бастап, маусым айына дейін жалғасады. Бұл кезде мал оттығып, биелер желіге байланады, қымыз жиналып, ағайын-жекжаттар бірін-бірі қымыз ішуге шақырады. Қымызмұрындық деп аталатын осы басқосуда Құран оқылады, мал сойылады, түрлі ойын-сауықтар, жарыстар өткізіледі, ол басқа тойларға барып жалғасады.

Мизам (Сабан той). Ол – күз айында диқандар мен бағбандардың құрметіне арнап өткізілетін той. Мұнда түрлі ойын-сауықтар ұйымдастырылады.

Соғым басы. Алғаш рет қар жауып, аяз түскенде ауыл адамдары соғымға сақтаған малдарын сойғанда басталады. Соғым басын жеуге ағайын бірін-бірі шақырып, қыстың ұзақ түнінде ақындар мен жыршылар терме, қисса, ертегі айтып, қонақтар қызыққа батады.

Дәстүрлі үйлену тойы

Ол сегіз кезеңнен тұрады. Бұлар: 1. Қыз таңдау. 2. Қыз айттыру. 3. Жаушы жіберу. 4. Құда түсу тойы. 5. Ескі-төр көрсету тойы. 6. Ұрын той. 7. Қыз ұзату тойы. 8. Келін түсіру тойы. Мұның ішінде қыз ұзату тойында мынандай кәде, жоралар жасалады: ат байлар, құдай жолы, шаңырақ көтерер, уық шаншар, туырлық жабар, түндік жабар, үзік жабар, бау-шу байлар, отау байғазысы, мойын ұсынар көделері. Қыз бен жігіт ақ отау оңаша кездеседі, некесі қыялады, түрлі ойын-сауық өткізіледі, жар-жар айтылады, қыз аттанарда «сыңсу» айтылады.

Той ойындары

Оның көбісі жастарға арналған.

Солардың жұлдызы бір шоғыры мынандай:

Арқан тарту, белбеу тастау, сақина жасыру, көрші, ақсүйек, айгөлек, алтыбақан, қыз қуу, күміс ілу, ағаш аяқ, ұшты-ұшты, соқыртеке, жаяу көкпар және т.б.

Мұсылманға тиым

салынған мой

Ұлық Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Сафияға (Аллаһ оған разы болсын) үйленгенде ботқа және құрмамен, Жахш қызы Зайнабқа үйленгенінде қой сойып той жасаған. Ал сахабалардың бірі үйленгендігін жеткізгенінде, Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Бір қой сойсаң да той жаса», - деген. Абзалы, тойды қой сойып жасаған дұрыс.

Алайда мұсылмандарға дастарқанға арақ-шарап қойылатын тойларға баруға болмайды. Өйткені Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Аллаһ Тағалаға және ақырет күніне иман келтірген адам ішімдік қойылған дастарқанға өсте отырушы болмасын», - деп қатаң ескерткен. Қазақта: «Топырақты өлімнен торқалы тойдан қалма» деген сөз бар. Сіз өзіңіздің Аллаһтың ақ жолына түскеніңізді айтып, ішімдік қойылатын дастарқанда отырғыңыз келмейтінін ескертсеңіз, той иесі өзіңізді түсінуге тиісті.

Той өткізудегі

бәсекелестік

Қазір көп өңірде той өткізу бәсекеге айналып, дәулеттілер, лауазымды адамдар мүшел мерей тойларың келін түсіру, қыз ұзату, баласың, нөмересін сүндетке отырғызу қуанышын қымбат та үлкен мейрамханаларда, шетелдерде өткізуді мақтаныш, мәртебе көретін болды. Осындай тойларға бірнеше жүз, кейде бірнеше мың да қонақтардың шақырылып қатысатынын есту де, көру де танысқ болмай қалды. Байлардың, бишігештердің тойларына алыс, жақын шетелдік мемлекеттерден атақты адамдардың, өнер жұлдыздарының, түрлі ансамблдердің, өншілердің келетіні, сөйтіп, тойдың «даңқын» шығаратыны туралы да жиі айтылып, кейбір басылымдарда жазылып та жатады.

Әйтеуір, қазір қазақ тойының көп отбасында, көп өңірде мән-мағынасы өзгерді, тәрбиелік тағлымы жоғалды. Адамдар да өзін шақырған тойға тандап, талғап баратын болды. Қарапайым адамдардың қуанышына жайған ақ дастарқанына шақырылған қонақтардың біразы келмей қалып, оларға әзірленген тағамдардың ішілмей, желінбей рәсуе болатыны да бұл күндері үйреншікті көрініс.

Бұрынғыдай емес, жылдан-жылға той өткізу де өте қымбаттап барады.

Кез-келген мейрамхана, дәмхананы жалдап алсаңыз, әрбір орын үшін, аспазшының, даяшының, асабаның, өнші-күйшінің, бейнөтаспаға, суретке түсірушінің еңбегіне арнайы ақы төлейсің. Тойға Қазақстанның солтүстік өңірінде жүз адамнан кем шақырылмаса, оңтүстік өңірінде қонақтардың саны бірнеше жүзге жетеді. Кейін тойдың қайда, қалай өткізілгені, оған кімдердің қатысқаны, қандай малдың сойылғаны, дастарқанда нәндей арақ-шараптың ішілгені, қандай тағамдардың желінгені, нәндей сыйлықтардың әкелінгені ғана басты әңгіме тақырыбына айналып, қызу талқыланады, ол тойдың қандай тәрбиелік мәні болғаны еске де алынбайды.

Қазақ тойы қалай өтеді?

Әлі күнге дейін қазақтардың тойында арнайы шақырылған қонақтардың бөріні немесе басым бөлігін сөйлету бөрік дәстүр болып отыр. Өйткені, қонақтардың біреуі тойда тілек айтпай, сөйлемей кетсе той иесіне ренжіп, оны екінші қайта көрместей болады. Ағайын арасында араздық туады. Ал енді қазақтардың көбісі тойда тілек айтқанда малтасын езіп, мылжындап ұзақ сөйлейді. Және соны мақтаныш, мәртебе көреді. Өзбектер болса, аз сөйлеп, көп билейді. Орыстар ұл-қыз, келіндерімен де рюмка соғыстырады. Содан ел аузында: «Қазақтың тойы – жиналыс, өзбектің тойы – би жарыс, орыстың тойы – құй да іш», - деген мәтел көп айтылатын болып барады. Ең жаманы, кейбір той иелері керемет қарымпаздық пен жарамсақтық жасап, тойда сөзді қонақтардың жасына қарап емес, лауазымына, байлығына қарап береді. Қазақтың тойына тән тағы бір кемшілік, қаракөз бауырларымыз тойға шақырылған уақытында келмей, кешігіп барады. Асабалар да дұрыс таңдалмайды, көбісінің мәдениеті төмен, шеберлігі аз, бойларында ұлтжандылық жоқ.

Негізінен, үйлену тойында ән айту-сүннет. Шариғатта келшік барабан (дұф-даң) соғып та ән айтуға рұқсат берілген. Алайда әдепсіз ән айтуға болмайды. тойда қатты музыкадан адамдардың мәңгіріп қалатыны рас. Қазақ тойында көбінесе, есерсоқ музыкалар ойнала-ды. Мұндай көшті «есер той» десең де боларлықтай. Жалаңаш (кеудесі мен белінен төмен сәл жауып) қыздардың көмпір, шалдардың алдында билеу де, тойлардың жаттанды бір сценаримен өтетіні де көзіміз үйреніп, өзімізді өбден жалқытырған жағдай. Әйтеуір, қазір қазақтың көп тойынан қонақтар демалып, көңілін көтеріп, тәлім-тәрбие алып емес, үйлеріне шаршап, шалдығып қайтатын болып жүр...

Ақпарат көздерінен дайындаған Бағлан ҚОЖАҚОВ.

МЕЛБАҒДАРЛАМА

ДҮЙСЕНБІ, 10 ТАМЫЗ

ҚАЗАҚСТАН

7:00 Концерт 8:00 «Таңшолпан». 9:35 «Жүзден жүйрік». 10:00 «Алға, Диего». М/х. 11:05 «Айтуға оңай...» 11:45 «Қызыл сарайдағы түс». Т/х. 12:30 ЖАҢАЛЫҚТАР 12:45 «Еңбек түбі - береке» 12:50 «Дауа» 13:25 «Білгірлер бәйгесі» 14:10 «Ақсауыт» 14:45 «Джунгли кітабы. Сафари». М/х. 15:00 «Әйел бақыты». 16:10 «Жүрегің сізге аманат». Т/х. 17:00 «Менің Қазақстаным!». 17:30 ЖАҢАЛЫҚТАР 17:50 «ӨЗЕКЖАРДЫ» 18:10 «Ұлжан». 18:55 «Еуразияның ұлы тұлғалары». Д/ф 19:15 «ЕХРО - 2017» 19:35 «ҚЫЗЫЛ САРАЙДАҒЫ ТҮС». Т/х. 20:30 ЖАҢАЛЫҚТАР 21:05 «Айтуға оңай...» 21:50 «Жедел жәрдем». Т/х. 22:40 «ЖҮРЕГІМ СІЗГЕ АМАНАТ». Т/х. 23:40 «Журналистік зерттеу» 0:00 ЖАҢАЛЫҚТАР 0:30 «Өзекжарды» 0:50 ФУТБОЛ. АҒЫЛШЫН ПРЕМЬЕР-ЛИГАСЫ. «ВЕСТ БРОМВИЧ АЛЬБИОН» - «МАНЧЕСТЕР СИТИ». 3:00 ЖАҢАЛЫҚТАР

ХАБАР

07:02 «Айтумар» 08:00 «Жаңа күн» 10:00 Таңғы жаңалықтар 10:10 «Дудуман» 11:00 Новости 11:10 «Әр үйдің сыры басқа» 11:45 «Магия кухни» 12:20 «Подари детям жизнь» 12:25 Мс. «Маша и медведь» 12:35 Мс. «Джейк и пираты Нетландии» 13:00 Түскі жаңалықтар 13:10 «Семейные мелодрамы» 14:00 Т/с. «Женский доктор»-2 15:00 Новости 15:15 Шахматтар Әбілпөвтің «Абайға арнау» атты концерті 16:00 «Өмір сабақтары» 16:30 Т/х. «Алдар көсе» 17:00 Кешкі жаңалықтар 17:15 «Нүкте» 18:00 Новости 18:15 Т/х. «Сұлтан Сүлейман» 19:00 «ТВ Бинго» 20:00 Қорытынды жаңалықтар 20:30 «Арнайы хабар». Абай Құнанбаевтың 170 жылдығы 21:00 Новости 21:30 Т/с. «Гречанка» 22:20 Т/с. «След» 23:10 «Абай» спектаклі. 01:25 Қорытынды жаңалықтар 01:55 Новости 02:25 «Әр үйдің сыры басқа» 02:55 Жаңалықтар

ЕВРАЗИЯ

6:00 «СКЛИФОВСКИЙ 2» 6:50 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕРМЕН 7:00 «ДОБРОЕ УТРО» 11:00 Фильм «БЫЛА ЛЮБОВЬ» 12:00 «КАРПОВ». 13:00 «СҮЙГЕН ЖАР». 13:50 «АШЫҒЫН АЙТҚАНДА» 14:40 «ДЖОДХА ЖӘНЕ АКБАР». 15:30 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕРМЕН 15:40 К 70-ЛЕТИЮ ОКОНЧАНИЯ ВТОРОЙ МИРОВОЙ ВОЙНЫ. «ДЕНЬ, КОГДА СБРОСИЛИ БОМБУ» 16:50 «ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ» 17:55 «ПУСТЬ ГОВОРЯТ» 19:00 Кино «ГОД В ТОСКАНЕ» 20:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ» 20:40 «СҮЙГЕН ЖАР». 21:40 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР» 22:20 «ДЖОДХА ЖӘНЕ АКБАР». 23:15 «П@УТИНА» 23:40 «ДОМ С ЛИЛИЯМИ». Фильм 1:35 «П@УТИНА» 2:00 «АШЫҒЫН АЙТҚАНДА» 2:45 «СКЛИФОВСКИЙ 2» 3:30 «Контрольная закупка»

РОССИЯ 1

05.00, 09.15 «Утро России» 09.00, 11.00, 14.00, 17.00, 17.30, 20.00 Вести 09.55 «О самом главном» 11.35, 14.30, 17.10, 19.35 Местное время. Вести - Москва 11.55 Т/с «Тайны следствия» 12.55 «Особый случай» 14.50, 04.45 Вести. Дежурная часть 15.00 Х/ф «Вы заказывали убийство» 18.15 «Прямой эфир» 20.50 «Спокойной ночи, малыши!» 21.00 Т/с «Полицейский участок» 22.55 Т/с «Чужое гнездо» 00.50 Х/ф «Гардемарины, вперед!» 1 с. 02.35 Т/с «Прости меня, мама»

ТВ-Центр.

9.00 «Настроение». 11.10,14.50,18.10 Х/ф «Тихий Дон». 14.30,17.30,20.30,1.00 События. 17.50,22.30 Город новостей. 19.00,20.50 Детектив «Чисто английское убийство». (12+). 21.20 «Право голоса». 22.45 Т/с «Жизнь и приключения Мишки Япончика». 0.45,4.15 «Петровка, 38». 1.30 «Оружие великих людей». Специальный репортаж. 2.05 Без обмана. «Еда с национальным колоритом». 3.00 События. 25-й час. 3.20 Д/ф «Династия. Богатырь на троне». 4.30 Х/ф «Не ваялай дурака». 6.30 Т/с «Отец Браун 2». (16+). 8.15 Д/с «Как это работает в дикой природе». (12+)

СЕЙСЕНБІ, 11 ТАМЫЗ

ҚАЗАҚСТАН

7:00 Концерт 8:00 «Таңшолпан». 9:35 «Жүзден жүйрік». 10:00 «Жедел жәрдем». Т/х. 10:50 «Айтуға оңай...» 11:35 «Қызыл сарайдағы түс». Т/х. 12:30 ЖАҢАЛЫҚТАР 12:45 «ЕХРО - 2017» 13:10 «Алаң» 13:55 «Сыр-сұхбат» 14:25 «СТИЧ». М/х. 14:50 «Білгіштер». М/х. 15:00 «Әйел бақыты». 16:10 «Жүрегің сізге аманат». Т/х. 17:05 «Келбет» 17:30 ЖАҢАЛЫҚТАР 17:50 «ӨЗЕКЖАРДЫ» 18:10 «Ұлжан». 19:00 «Атом алапатынан - атом игілігіне». 19:10 «Қылмыс пен жаза» 19:35 «ҚЫЗЫЛ САРАЙДАҒЫ ТҮС». Т/х. 20:30 ЖАҢАЛЫҚТАР 21:05 «Айтуға оңай...» 21:50 «Жедел жәрдем». Т/х. 22:40 «ЖҮРЕГІМ СІЗГЕ АМАНАТ». Т/х. 23:40 «Журналистік зерттеу» 0:00 ЖАҢАЛЫҚТАР 0:35 «Өзекжарды» 0:55 «Қылмыс пен жаза» 1:15 «Сыр-сұхбат» 1:45 «Келбет» 2:15 «Алаң» 3:00 ЖАҢАЛЫҚТАР

ХАБАР

07:02 «Айтумар» 08:00 «Жаңа күн» 10:00 Таңғы жаңалықтар 10:10 Т/с. «Гречанка» 11:00 Новости 11:10 «Әр үйдің сыры басқа» 11:45 «Магия кухни» 12:20 «Подари детям жизнь» 12:25 Мс. «Джейк и пираты Нетландии» 12:50 «Экономикс» 13:00 Түскі жаңалықтар 13:15 «Семейные мелодрамы» 14:00 Т/с. «Женский доктор»-2 15:00 Новости 15:15 «Бұйымтай» 16:00 «Өмір сабақтары» 16:30 Т/х. «Алдар көсе» 17:00 Кешкі жаңалықтар 17:15 «Нүкте» 18:00 Новости 18:15 Т/х. «Сұлтан Сүлейман» 19:10 «Біздің үй» 20:00 Қорытынды жаңалықтар 20:30 «Бүррә расследований» 21:00 Новости 21:30 Т/с. «Гречанка» 22:20 Т/с. «След» 23:10 «Арнайы хабар». Абай Құнанбаевтың 170 жылдығы 23:40

Қорытынды жаңалықтар 00:10 Новости 00:40 «Бұйымтай» 01:25 «Әр үйдің сыры басқа» 01:55 Жаңалықтар

ЕВРАЗИЯ

6:00 «СКЛИФОВСКИЙ 2» 6:50 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕРМЕН 7:00 «ДОБРОЕ УТРО» 11:00 Фильм «БЫЛА ЛЮБОВЬ». Заключительная серия 12:00 «КАРПОВ». 13:00 «СҮЙГЕН ЖАР». 13:50 «АШЫҒЫН АЙТҚАНДА» 14:40 «ДЖОДХА ЖӘНЕ АКБАР». 15:30 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕРМЕН 15:40 К 70-ЛЕТИЮ ОКОНЧАНИЯ ВТОРОЙ МИРОВОЙ ВОЙНЫ. «НАША ВОЙНА». Фильм 1 16:50 «ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ» 17:55 «ПУСТЬ ГОВОРЯТ» 19:00 Кино «ГОД В ТОСКАНЕ» 20:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ» 20:40 «СҮЙГЕН ЖАР». 21:40 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР» 22:20 «ДЖОДХА ЖӘНЕ АКБАР». 23:15 «П@УТИНА» 23:40 «ДОМ С ЛИЛИЯМИ». Фильм 1:35 «П@УТИНА» 2:00 «АШЫҒЫН АЙТҚАНДА» 2:45 «СКЛИФОВСКИЙ 2» 3:30 «Контрольная закупка»

РОССИЯ 1

05.00, 09.15 «Утро России» 09.00, 11.00, 14.00, 17.00, 17.30, 20.00 Вести 09.55 «О самом главном» 11.35, 14.30, 17.10, 19.35 Местное время. Вести - Москва 11.55 Т/с «Тайны следствия» 12.55 «Особый случай» 14.50, 04.45 Вести. Дежурная часть 15.00 Х/ф «Вы заказывали убийство» 18.15 «Прямой эфир» 20.50 «Спокойной ночи, малыши!» 21.00 Т/с «Полицейский участок» 22.55 Т/с «Чужое гнездо» 00.50 Х/ф «Гардемарины, вперед!» 2 с. 02.30 Т/с «Прости меня, мама» 03.30 «Комната смеха»

ТВ-Центр.

9.00 «Настроение». 11.10 Х/ф «Всадник без головы». 13.05 Д/ф «Зинаида Шарко. В гордом одиночестве». 13.55 Тайны нашего кино. «Калина красная». 14.30,17.30,20.30,1.00 События. 14.55 Х/ф «Мастер». 16.40 «Мой герой». 17.50,22.30 Город новостей. 18.10 Без обмана. «Еда с национальным колоритом». 19.00,20.50 Детектив «Чисто английское убийство». (12+). 21.20 «Право голоса». 22.45 Т/с «Жизнь и приключения Мишки Япончика». 0.45 «Петровка, 38». 1.30 «Осторожно, мошенники!». 2.05 «Удар властью». Премьер для Украины». 3.00 События. 25-й час. 3.20 Х/ф «Любить и ненавидеть. Мертвые воды Московского моря». 7.10 «Добро пожаловать домой!» (6+). 8.00 Д/с «Как это работает в дикой природе». (12+).

СӘРСЕНБІ, 12 ТАМЫЗ

ҚАЗАҚСТАН

7:00 Концерт 8:00 «Таңшолпан». 9:35 «Жүзден жүйрік». 10:00 «Жедел жәрдем». Т/х. 10:50 «Айтуға оңай...» 11:35 «Қызыл сарайдағы түс». Т/х. 12:30 ЖАҢАЛЫҚТАР 12:45 «Қылмыс пен жаза» 13:10 «Поэзия әлемі» 13:40 «Ғасырлар үні» 14:25 «СТИЧ». М/х. 14:50 «Білгіштер». М/х. 15:00 «Әйел бақыты». 16:10 «Жүрегің сізге аманат». Т/х. 17:05 «Қазақ даласының құпиялары». Д/ф 17:30 ЖАҢАЛЫҚТАР 17:50 «ӨЗЕКЖАРДЫ» 18:10 «Ұлжан». 19:00 «Атом алапатынан - атом игілігіне». 19:10 «ЖУРНАЛИСТІК ЗЕРТТЕУ» 19:35 «ҚЫЗЫЛ САРАЙДАҒЫ ТҮС». Т/х. 20:30 ЖАҢАЛЫҚТАР 21:05 «Айтуға оңай...» 21:50 «Жедел жәрдем». Т/х. 22:45 «ЖҮРЕГІМ СІЗГЕ АМАНАТ». Т/х. 23:40 «Журналистік зерттеу» 0:00 ЖАҢАЛЫҚТАР 0:35 «Өзекжарды» 1:00 «Қылмыс пен жаза» 1:25 «Қазақ даласының құпиялары». Д/ф 1:55 «Поэзия әлемі» 2:25 «Шарайна» 3:00 ЖАҢАЛЫҚТАР

ХАБАР

07:02 «Айтумар» 08:00 «Жаңа күн» 10:00 Таңғы жаңалықтар 10:10 Т/с. «Гречанка» 11:00 Новости 11:10 «Әр үйдің сыры басқа» 11:50 «Магия кухни» 12:25 «Подари детям жизнь» 12:30 Мс. «Маша и медведь» 12:40 Мс. «Джейк и пираты Нетландии» 13:00 Түскі жаңалықтар 13:10 «Семейные мелодрамы» 14:00 Т/с. «Женский доктор»-2 15:00 Новости 15:15 «Бұйымтай» 16:00 «Өмір сабақтары» 16:30 Т/х. «Алдар көсе» 17:00 Кешкі жаңалықтар 17:15 «Нүкте» 18:00 Новости 18:15 Т/х. «Сұлтан Сүлейман» 19:05 «100 бизнес тарихы. Индустрияландыру» 19:30 «Қазақстан Республикасының әскери білімі». Д/ф 20:00 Қорытынды жаңалықтар 20:30 «Мерейлі отбасы» күнделігі 21:00 Новости 21:30 Т/с. «Гречанка» 22:20 Т/с. «След» 23:10 «Біздің үй» 00:00 «Бұйымтай» 00:45 Қорытынды жаңалықтар 01:15 Новости 01:45 «Әр үйдің сыры басқа» 02:15 Жаңалықтар

ЕВРАЗИЯ

6:00 «СКЛИФОВСКИЙ 2» 6:50 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕРМЕН 7:00 «ДОБРОЕ УТРО» 11:00 Кино «А СЧАСТЬЕ ГДЕ-ТО РЯДОМ» 12:00 «КАРПОВ». 13:00 «СҮЙГЕН ЖАР». 13:50 «АШЫҒЫН АЙТҚАНДА» 14:40 «ДЖОДХА ЖӘНЕ АКБАР». 15:30 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕРМЕН 15:40 К 70-ЛЕТИЮ ОКОНЧАНИЯ ВТОРОЙ МИРОВОЙ ВОЙНЫ. «НАША ВОЙНА». Фильм 2 16:50 «ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ» 17:55 «ПУСТЬ ГОВОРЯТ» 19:00 Кино «ГОД В ТОСКАНЕ» 20:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ» 20:40 «СҮЙГЕН ЖАР». 21:40 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР» 22:20 «ДЖОДХА ЖӘНЕ АКБАР». 23:15 «П@УТИНА» 23:40 «ДОМ С ЛИЛИЯМИ». Фильм 1:35 «П@УТИНА» 2:00 «АШЫҒЫН АЙТҚАНДА» 2:45 «ТЕМНЫЙ ИНСТИНКТ» 3:30 «Контрольная закупка»

РОССИЯ 1

05.00, 09.15 «Утро России» 09.00, 11.00, 14.00, 17.00, 17.30, 20.00 Вести 09.55 «О самом главном» 11.35, 14.30, 17.10, 19.35 Местное время. Вести - Москва 11.55 Т/с «Тайны следствия» 12.55 «Особый случай» 14.50 Вести. Дежурная часть 15.00 Х/ф «Вы заказывали убийство» 18.15 «Прямой эфир» 20.50 «Спокойной ночи, малыши!» 21.00 Т/с «Полицейский участок» 22.55 Т/с «Чужое гнездо» 01.45 Х/ф «Гардемарины, вперед!» 3 с. 03.10 Т/с «Прости меня,

мама» 04.10 «Комната смеха»

ТВ-Центр.

9.00 «Настроение». 11.10 Х/ф «Два капитана». 13.05 Д/ф «Николай Рыбников. Зима на Заречной улице». 13.55 Тайны нашего кино. «Золотой теленок». 14.30,17.30,20.30,1.00 События. 14.50 Х/ф «Снегирь». 16.35 «Мой герой». 17.50,22.30 Город новостей. 18.10 «Удар властью. Премьер для Украины». 19.00,20.50 Детектив «Чисто английское убийство». (12+). 21.20 «Право голоса». 22.50 Х/ф «Екатерина Воронина». 0.45 «Петровка, 38». 1.30 «Линия защиты». 2.05 «Хроники московского быта. Одинокая старость звезд». 3.00 События. 25-й час. 3.20 Х/ф «Любовь в СССР». 5.00 Х/ф «Последняя роль Риты». 7.15 «Добро пожаловать домой!» (6+). 8.05 Д/с «Как это работает в дикой природе». (12+).

БЕЙСЕНБІ, 13 ТАМЫЗ

ҚАЗАҚСТАН

7:00 Концерт 8:00 «Таңшолпан». 9:35 «Жүзден жүйрік». 10:00 «Жедел жәрдем». Т/х. 10:50 «Айтуға оңай...» 11:35 «Қызыл сарайдағы түс». Т/х. 12:30 ЖАҢАЛЫҚТАР 12:45 «Агробизнес». 13:10 «Журналистік зерттеу» 13:30 «Сіз не дейсіз?» 14:00 «Жан жылуы» 14:25 «СТИЧ». М/х. 14:50 «Білгіштер». М/х. 15:00 «Әйел бақыты». 16:10 «Жүрегің сізге аманат». Т/х. 17:05 «Қазақ даласының құпиялары». Д/ф 17:30 ЖАҢАЛЫҚТАР 17:50 «ӨЗЕКЖАРДЫ» 18:10 «Ұлжан». 19:10 «ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУ: ҰЛТТЫҚ ӨНДІРІС» 19:35 «ҚЫЗЫЛ САРАЙДАҒЫ ТҮС». Т/х. 20:30 ЖАҢАЛЫҚТАР 21:05 «Айтуға оңай...» 21:50 «Жедел жәрдем». Т/х. 22:45 «ЖҮРЕГІМ СІЗГЕ АМАНАТ». Т/х. 23:40 «Журналистік зерттеу» 0:00 ЖАҢАЛЫҚТАР 0:35 «Өзекжарды» 0:55 «Индустрияландыру: ұлттық өндіріс» 1:20 «Жан жылуы» 1:40 «Қазақ даласының құпиялары». Д/ф 2:05 «Шетелдегі қазақ балалары». 2:30 «Сіз не дейсіз?» 3:00 ЖАҢАЛЫҚТАР

ХАБАР

07:02 «Айтумар» 08:00 «Жаңа күн» 10:00 Таңғы жаңалықтар 10:10 Т/с. «Гречанка» 11:00 Новости 11:15 «Мерейлі отбасы» күнделігі 11:45 «Магия кухни» 12:20 «Подари детям жизнь» 12:25 Мс. «Джейк и пираты Нетландии» 13:00 Түскі жаңалықтар 13:15 «Семейные мелодрамы» 14:00 Т/с. «Женский доктор»-2 15:00 Новости 15:15 «Бұйымтай» 16:00 «Өмір сабақтары» 16:30 Т/х. «Күн сақшылары» 17:00 Кешкі жаңалықтар 17:15 «Нүкте» 18:00 Новости 18:15 Т/х. «Сұлтан Сүлейман» 19:10 «Жекпе-жек» 20:00 Қорытынды жаңалықтар 20:30 «Мерейлі отбасы» 21:00 Новости 21:30 Т/с. «Гречанка» 22:20 Т/с. «След» 23:10 «Біздің үй» 00:00 «Бұйымтай» 00:45 Қорытынды жаңалықтар 01:15 Новости 01:45 «Әр үйдің сыры басқа» 02:15 Жаңалықтар

ЕВРАЗИЯ

6:00 «ТЕМНЫЙ ИНСТИНКТ» 6:50 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕРМЕН 7:00 «ДОБРОЕ УТРО» 11:00 Кино «А СЧАСТЬЕ ГДЕ-ТО РЯДОМ» 12:00 «КАРПОВ». 13:00 «СҮЙГЕН ЖАР». 13:50 «АШЫҒЫН АЙТҚАНДА» 14:40 «ДЖОДХА ЖӘНЕ АКБАР». 15:30 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕРМЕН 15:40 К 70-ЛЕТИЮ ОКОНЧАНИЯ ВТОРОЙ МИРОВОЙ ВОЙНЫ. «НАША ВОЙНА». Фильм 3 16:50 «ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ» 17:55 «ПУСТЬ ГОВОРЯТ» 19:00 Кино «ГОД В ТОСКАНЕ» 20:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ» 20:40 «СҮЙГЕН ЖАР». 21:40 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР» 22:20 «ДЖОДХА ЖӘНЕ АКБАР». 23:15 «П@УТИНА» 23:40 «ДОМ С ЛИЛИЯМИ». Заключительные серии 1:35 «П@УТИНА» 2:00 «АШЫҒЫН АЙТҚАНДА» ТОК-ШОУЫ 2:45 «ТЕМНЫЙ ИНСТИНКТ» 3:30 «Контрольная закупка»

РОССИЯ 1

05.00, 09.15 «Утро России» 09.00, 11.00, 14.00, 17.00, 17.30, 20.00 Вести 09.55 «О самом главном» 11.35, 14.30, 17.10, 19.35 Местное время. Вести - Москва 11.55 Т/с «Тайны следствия» 12.55 «Особый случай» 14.50 Вести. Дежурная часть 15.00 Х/ф «Вы заказывали убийство» 18.15 «Прямой эфир» 20.50 «Спокойной ночи, малыши!» 21.00 Т/с «Полицейский участок» 22.55 Т/с «Чужое гнездо» 01.45 Х/ф «Гардемарины, вперед!» 4 с. 03.25 Т/с «Прости меня, мама» 04.25 «Комната смеха»

ТВ-Центр.

9.00 «Настроение». 11.10 Х/ф «Единственная дорога». 13.05 Д/ф «Раб любви Елена Соловей». 13.55 Тайны нашего кино. «Десять негрят». 14.30,17.30,20.30,1.00 События. 14.50 Х/ф «Не родись красивым...». 16.40 «Мой герой». 17.50,22.30 Город новостей. 18.10 «Хроники московского быта. Одинокая старость звезд». 19.00,20.50 Детектив «Чисто английское убийство». (12+). 21.20 «Право голоса». 22.45 Детектив «Ночной патруль». 0.45,7.00 «Петровка, 38». 1.30 «Обложка. Письмо Саманты». 2.05 «Советские мафии. Город грехов». 3.00 События. 25-й час. 3.20 Д/ф «Фальшак». 4.55 Х/ф «Не посылать ли нам... гонца?». 7.15 «Добро пожаловать домой!» (6+). 8.00 Д/с «Как это работает в дикой природе». (12+).

ЖҰМА, 14 ТАМЫЗ

ҚАЗАҚСТАН

7:00 Концерт 8:00 «Таңшолпан». 9:35 «Жүзден жүйрік». 10:00 «Жедел жәрдем». Т/х. 10:50 «Айтуға оңай...» 11:35 «Қызыл сарайдағы түс». Т/х. 12:30 ЖАҢАЛЫҚТАР 12:40 «Иман айнасы» 13:00 «Индустрияландыру: Ұлттық өндіріс» 13:25 «Кекпар» 14:10 «Баламен бетпе-бет» 14:30 «СТИЧ». М/х. 14:50 «Білгіштер». М/х. 15:00 «Әйел бақыты». Ток-шоу 16:10 «Жүрегің сізге аманат». Т/х. 17:05 «Ұлы дала дүбірі». Д/ф 17:30 ЖАҢАЛЫҚТАР 17:50 «ӨЗЕКЖАРДЫ» 18:10 «Ғасырлар үні» 19:00 «МЕНИҢ ҚАЗАҚСТАНЫМ!». 19:35 «ҚЫЗЫЛ САРАЙДАҒЫ ТҮС». Т/х. 20:30

«Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының ішкі саясат бөлімі» ММ азаматтардың жеке мәселелері бойынша 2015 жылдың III тоқсанына арналған қабылдау кестесі

Жүсіпов Жақсылық Мейірханұлы – «СҚО Айыртау ауданының ішкі саясат бөлімі» ММ басшысы – әр жұма сайын сағат 15.00 - ден 17.00-ге дейін. Мекен жайы: Саумалкөл с., Ш.Уәлиханов көшесі,42. Тел.21-9-21.

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

Аудан тұрғындары ауданның мемлекеттік қызметкерлерімен қылмыс жасау фактілерін, құқықбұзушылықтарын және Ар-намыс кодексінің талаптарын сақтамаулары туралы қоңырау шалып хабарлай алады, «Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының ішкі саясат бөлімі» мемлекеттік мекемесінде 21-9-21 сенім телефоны қызмет етеді.

ЖАҢАЛЫҚТАР 21:05 «Айтуға оңай...» 21:50 «Шын жүректен». 22:45 «ЖҮРЕГІМ СІЗГЕ АМАНАТ». Т/х. 23:40 «Журналистік зерттеу» 0:00 ЖАҢАЛЫҚТАР 0:35 ФУТБОЛ. АҒЫЛШЫН ПРЕМЬЕР-ЛИГАСЫ. «АСТОН ВИЛЛА» - «МАНЧЕСТЕР ЮНАЙТЕД». 2:40 «Өзекжарды» 3:00 ЖАҢАЛЫҚТАР

ХАБАР

07:02 «Айтумар» 08:00 «Жаңа күн» 10:00 Таңғы жаңалықтар 10:10 Т/с. «Гречанка» 11:00 Новости 11:10 «Мерейлі отбасы» 11:45 «Магия кухни» 12:20 «Подари детям жизнь» 12:25 Мс. «Маша и медведь» 12:35 Мс. «Джейк и пираты Нетландии» 13:00 Түскі жаңалықтар 13:15 «Семейные мелодрамы» 14:10 Т/с. «Женский доктор»-2 15:00 Новости 15:15 «Бұйымтай» 16:00 «Өмір сабақтары» 16:30 «Ұлт саулығы» 17:00 Кешкі жаңалықтар 17:15 «Бармысың, бауырым?» 18:00 Новости 18:15 Т/х. «Сұлтан Сүлейман» 19:05 «Ойжүйрік» 20:00 Қорытынды жаңалықтар 20:30 «Мерейлі отбасы» 21:00 Новости 21:30 Мегахит. «Побочный эффект» 23:15 Т/х. «Құрбылар» 01:15 Қорытынды жаңалықтар 01:45 Новости 02:15 «Әр үйдің сыры басқа» 02:45 Жаңалықтар

ЕВРАЗИЯ

6:00 «ТЕМНЫЙ ИНСТИНКТ» 6:50 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕРМЕН 7:00 «ДОБРОЕ УТРО» 11:00 Кино «А СЧАСТЬЕ ГДЕ-ТО РЯДОМ» 12:00 «КАРПОВ». 13:00 «СҮЙГЕН ЖАР». 13:50 «ДЖОДХА ЖӘНЕ АКБАР». 14:40 «ЖҰМА АҒЫЗЫ» 14:55 «ҚЫЛМЫСТЫҚ ІС №» 15:30 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕРМЕН 15:40 Кино «ЧЕТЫРЕ ВОЗРАСТА ЛЮБВИ» 17:45 «ЖДИ МЕНЯ». КАЗАХСТАН 18:50 «ПОЛЕ ЧУДЕС» 20:00 «

Аптадағы ауа райы	Уақыт (жергілікті)	6/08 БС	7/08 ЖМ	8/08 СН	9/08 ЖК	10/08 ДС	11/07 СС	12/08 СР
Ауаның температурасы, С°	12 с. 0 с.	+20 +11	+24 +12	+28 +17	+26 +15	+30 +16	+24 +16	+23 +12
Жауын - шашын (тәулік ішінде)								
Атмосфералық қысым мм сын. бағ.		748	745	751	750	747	748	747
Желдің бағыты		С-Б	С-Б	О-Б	С-Б	О-Б	С-Б	Б
Желдің шапшаңдығы		4-6	4-6	3- 6	2-4	3	3-5	3-6

Ескерту: бес және одан артық тәулікке мәліметтердің нақтылығы төмен болып табылады.

Қызықты каникул күндері-ай

Оқушылардың жазғы демалысы

Айыртау мектеп-интернатында тиісті деңгейде ұйымдастырылуда

Мектеп - интерна-
тымызда қалыптасқан
дәстүр бойынша жаздың
шуақты күндерімен бірге
балалардың да жазғы де-
малыстары басталады.
Барлық білім ордаларында
сияқты біздің ұжымда да
оқушылардың осы кезеңдегі
демалыстары ойдағыдай
ұйымдастырылуда.

Бұл маңызды мәселеге
биыл да ерекше ден
қойдық. Оқушылар мен
жасөспірімдердің бос
уақытын тиімді өткізу, әрі
олардың денсаулықтарын
нығайту мақсатында өзіміздің
интернатымыздың жанынан
жазғы лагерьдің жұмысын
барынша жандандыруға көңіл
бөлдiк.

Мектеп-интернат басшы-
сы Елемес Қалиев бастаған
барлық ұстаздар қауымы осы-
нау игі жұмыстың маңызын терең
түсінеді. Сол себептен де жылда
тәрбиеленушілеріміздің осындай
демалысқа шыққан кездерін барын-
ша мазмұнды ұйымдастыруды басты
назарда ұстаймыз.

Шәкірттерімізді табиғатты сүюге ба-
улу мақсатында да бірқатар жұмыстар
атқарылады. Білім ордасының
айналасындағы гүлдерді суару және
баптаумен де айналысады. Міне, бұл



жайлар еліміздің болашақ тірекерінің
жан-жақты болып қалыптасуына
өзінің игі әсерін тигізетіндігі хақ.

Жетім балалар мен ата-анала-
рының қамқорлықтарыңыз қалған
балаларға арналған Айыртау мектеп-
интернатының «Мұрагерлер» атты
3-отбасы ауданымыздың ең әсем
жерлерінің бірі Шалқар көліне ба-
рып, демалып қайттық. Бұл саяхат-
тан балалардың алған әсерлерін
айтып жеткізе алмайсың. Балалар

суға шомылып, көл жағажайында
біраз аунап-қунап, бір маркайып
қалды. Бұл саяхат балалардың
естерінде көпке дейін сақталып
қалары сөзсіз.

Жақында Ботай қонысына баруды
жоспарлап отырмыз. Бұл тарихи
орында оқушылар бабаларымыздың
ежелгі қонысын аралап, сол кезеңдегі
тұрмыс-тіршілігі жайлы мағлұматтар
алатын болады.

Аққу РЫСТИНА, тәрбиеші.

Өз дініңе берік бол!

ХАЛАЛ ТОЙ – ЖАСТАРДЫҢ БАСТАМАСЫ

Ассалаумүгәлейкум мұх-
там мұсылман жамағат, мен
сіздермен халал той туралы
мақала бөлісіп отырмын. «Ха-
лал» деген сөздің мағынасы әркім
тазалық деп түсінгені абзал. Қазір
еліміз біртіндеп осы халал той, халал
асхана дегендерді ұйымдастырып
жатыр. Бұл үлкен қуанышты жақсы
амал. Егер оның пайдасы болмаса,
не үшін біз оны өзімізге енгізіп оты-
рмыз? Жалпы, халал той, халал
өндірісінің азаматтар үшін, халық үшін
үлкен пайдасы бар екені зерттеліп
қойылған. Менің ойымша бұл туралы
талас тудырмауымыз керек. Себебі бұл
халал той біз үшін жақсы амал. Халал
той жүргізсек, әкелер жақсылығы да
көп. Аллаһтың разылығын екі жастың
бақытты болуы, кішкентай нәрестенің
дені сау болуы т. б. жетеді. Ал біз
шариғат бойынша некеге тұрамыз,
бірақ тойға харам ас қойыламыз. Бұл
шариғат бойынша күнә, және өзімізді
алдап отырмыз. Ертең Аллаһтың
алдында жауап береміз. Ал халал
емес азық-түліктің денсаулыққа зия-
ны қандай? Бір ғана мысал айтып
кетейің, кейбір базарда мал сойылған
кезде, оны әуелі үлкен темірмен ұрып
өлтіреді, яғни қанын шығарып сой-
майды. Ол малдың етін жегеннен кейін
микробтар адамның денсаулығына да
теріс әсерін тигізеді. Ал қарап көріңіз,
малдың қаны шықпаса, қанша зиянды
екенін содан да байқауға болады.

Сонда ойланып көріңіз алкаколь,
доңыз, олар малдың қанынан да зия-
нды. Қазақ халқы бар жерде, той да
жалғасын таба береді. Той-қуаныштың
көп болуына ешкім қарсы келмесі
анық. Алайда оны бәсекеге айналды-
рып, ысырапшылыққа, дарақылдыққа
салынбау керек. Ол әсіресе қазіргідей
кезеңде аса маңызды. Ақшаны босқа
шығындағанша, пайдалы іске, ұл-
қыздарымыздың білім алуына арнасақ,
орынды болар еді. Біз дастарқанға
арақ-шарап қойып той өткізсек, Аллаһ
тағаланың берер нығметтеріннен құр
қаламыз. Егер біз екі жастың тойына

харам астар қоятың болсақ, Аллаһтың
хаһарына, және періштелер де қашып
кетеді, иманымыз жүрегімізден шығады
екен. Ол екі жас Аллаһтың қалауымен
үйленіп өмірлік махаббат құрып жатыр.
Осы екі бала бақытты болсын деп
арақ-шарапты дастарқанға қойып ал,
Аллаһтың атымен бата-тілек айта-
мыз. Бұл Аллаһтың ашуын көлтіреді,
неге? Аллаһ бізді бұл өмірге пәк қып
жаратты. Біз сол Аллаһтың алдына
да күнәдан пәк боп бару керек ғой.
Күнәдан пәк болып бару үшін не істеу
керек? Аллаһқа бой ұсынып, хараммен
халалды айырып, Құранға сеніп және
Пайғамбарымыздың сүннет амалымен
жүру керек екенбіз. Бұл арақ туралы
құранда, харам етіп тиым салған.
Сонда біз арақты дастарқанға қойып
алып бата-тілек айтамыз, бұл кімді
алдағанымыз, өзімізді-өзіміз алдап
отырмыз. Арақ-шарап тұрған жер-
де Аллаһ да бізден теріс айналады,
періштелер де қашады иманымыздан
да айырыламыз. Арақ ішкен кісінің
иманы қырық күн бойында болмай-
ды екен. Сол күндерде өліп қалатын
болсаң, имансыз кетесің. Әлбетте
әрбір халықтың қалыптасқан, өзіне
ғана тән жақсы-жаманды әдет-ғұрпы,
салт-дәстүрлері бар. Көбінесе адамдар
ата-бабаларынан қалған немесе өзге
ұлттардан алған әдет-ғұрыптарды
ұлттық дәстүріміз деп бағалап, берік
ұстанады. Әсіресе, мұсылман
халықтарының осындай салт-дәстүрге
ерекше мән беретіні шындық. Бұған
таң қалмасқа шара жоқ. Себебі ислам-
дай хақ діні, адастатмас шариғаты бар
халықтың өз орнын таппай, төңіреп
жүрген басқа жұрттың деңгейіне түсуі
мұсылмандардың бойына қалайша
лайықты болсын? Мұның барлығы -
мұсылмандар арасында көпірлерге
еліктеу індетінің етек алып, өкініш пен
күйініш тудырап дәрежеге жеткеніне
байланысты болып отыр. Мұндай
келеңсіздіктер, әсіресе, үйлену тойла-
рында көп кездеседі. Үйлену тойлары
еркек пен әйел араласып, ішімдік
ішуге және т. б. осы секілді харам

істерді жасауға мүмкіндік тудыра-
ды. Өкінішке қарай, қазір кей тойлар
шынайы мұсылманша үйлену тойы-
н өткізу дәстүрі ұмытыла бастады.
Осы орайда, тойдан Аллаһқа бағыну,
оның ризалығы мен қолдаушы се-
беп болу үшін Пайғамбарымыздың
хадистерінен мысал келтіре оты-
рып, мұсылманша неке тойының
қалай жасалатыны туралы айтып
кетейің. Негізінде үйлену тойының
басты мақсаты, еркек пен әйелдің
үйленгендігін жария етіп, күдік пен
арам ойдың жолын кесуге арналаты-
нын атап кеткен. Және тағы бір хадис
шарифте Пайғамбарымыз үйлену
тойын адамдар арасында жариялап,
хабарлауға бұйырған. Осы хадистер
үйленуді жариялау үш нәрсемен бола-
тынын айтады, Бірінші той жасау. Той
жасаудағы мақсат - дастарқан жайып,
жұртты асқа шақыру. Тойды қой сойып
жасаған абзал деп Пайғамбарымыз
айтып кеткен екен. «Бір қой сойсаң
да той жаса», - деген. Екінші, қол
ұстау негізінде «қол ұстау» деген,
сөзді екі мағанада алып қарауға бо-
лады. Бірінші еркектің әйелін қолынан
ұстап үйіне алып келуін білдіреді. Бұл
жұбайлық өмірдің басы. Және екінші
мағанасы, бұл «жыныстық қатынас»
дегенді білдіретін бейнелі сөз ретінде
де пайдаланылады. Үшінші құттықтау
және сыйлық беру әдетте бұл
үйлену тойларына жиналғандар жас
жұбайларға жүрек-жарды тілектерін
жеткізіп, сыйлық беріп жатады. Ай-
налайын мұсылман ағайын, қасиетті
Құран көрімде айтылғандай және
Пайғамбарымыздың сүннет жолы-
мен хадис шарифтерін еске ала оты-
рып, ата-бабамыздың дәстүр-салтын
жалғастырып арақ-шарапсыз халал
той өткізейік. Сонда біз Аллаһтың мар-
хаббатына, періштелердің дұғасында,
Пайғамбарымыздың шапағатына
бөленіп иманымызға сенім бере ала-
мыз, мұсылман ағайын. Әмин!

Сағынай қажы РАХЫМЖАН,
аудандық Қайрош ата мешітінің
бас имамы.

Жыр-шашу

Бар саналы өмірін жас ұрпаққа сапалы білім, саналы тәрбие беруге
арнаған тәлімгер, ұстаз **Мереке мен Күлбағиланың алтын тойына**
жыр-шашу.

Азамат досыма

Досым деп мені Мереке,
Шақырдың алтын тойыңа.
Ақ ордаңа ерекше,
Дарысын мол береке.
Біздің достық басталды,
Алпысыншы жылдары.
Игі істер от алды,
Кезеңде қиын сындарлы.
Әскерде жүріп шыңдалдық,
Болашақ жаққа асығып.
Ауырларға сынбадық,
Жасындай жайнап ту алдық.
Ұл-қызыңның анасы,
Күлбағилаң ай-күнің.
Жүрсін деп қолдап бабасы,
Шашу өтем жыр гүлін.
Салауатты өріп өмірді,
Әке болдың ұл-қызға.
Азаматсың сенімді,
Нұр құйып жүрген санаға.
Мақтануға тұратын,
Елге ағасың ажарлы.

Кемімесін қуатың,
Жасауға игі іс бааалы.
Өсе берсін өркенің,
Жемісін беріп еккенің.
Мазмұнды өріп өмірді,
Ұрпаққа мұра көргенің.
Тектіліктен бастау алған,
Маманысың озық ойдың.
Айың туып алдыңнан,
Мың алағыс ал халқыңнан.
Дамытып спорт саласың,
Спорттың болдың
саңлағы,
Алдыңа жан салмадың,
Егемен елдің ардағы.
Қуанышқа бөлеген,
Құтты болсын мерекең.
Ақ батасы қолдап жүрсін,
Дана халқымың көреген.

Тайлақ ЖАЛМҰРЗЕНОВ,
Айыртау ауданының
Құрметті азаматы.

Хат қоржынынан

Ұстазым менің, ұстазым

Қызылөскер орта мектебінің тарих және география пәнінің
мұғалімі, бізді білім нәрімен сусындатып, ізгілік қасиеттерін
дарыға білген ұлағатты да қадірлі ұстазым **Букина Гүлмира**
Қажымұқанқызына өз ізгі тілегім мен алғысымды білдіргім
келеді.

Гүлмира мұғалім өте сабырлы адам. Ол кісі бізге алтыншы сыныптан
бастап география пәнінен сабақ берді. География пәнінің қызықты сабақ
екені белгілі. Бұл пән мен үшін алтыншы сыныптан бері қызықты болып
келді, оның себебі Гүлмира мұғалім сабақты әрқашан қызықты да жаңаша
өткізеді.

Қазір мен 11 сыныпты бітірдім. Гүлмира мұғалім менің сынып жетекшім
әрі география мен дүние жүзі тарихы пәнінен сабақ берді. Ұстазым бізге
жай ғана сабақ беріп қоймай, тәрбие мен ақылын берді. Мен Гүлмира
Қажымұқанқызындай мұғалімім барына қатты қуанамын. Ұстазыма осы он
бір жылы бойы менің бойымды біліммен сусындатқаны үшін, маған тәлім -
тәрбие бергені үшін алғыс айтамын. Зор денсаулық, ашық аспан, қайтпас
қайсарлық, жұмыста табыс тілеймін.

Мәншүк АМАНТАЙҚЫЗЫ, мектеп түлегі.

ХАБАРЛАНДЫРУЛАР

Құрметті салық төлеушілер және сыртқы экономикалық
қызметтің қатысушылары!

Айыртау ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы Сіздердің
назарларыңызға, 2015 жылдың 7 шілдесінен бастап мемлекеттік кірістер
орғандары құрылымдық бөлімшелерінің жұмыс кестесінің өзгергендігін
тағы да естеріңізге саламыз.

Жаңа жұмыс кестесі:


Дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 13.00-ден 14.30-ға
дейінгі түскі үзілісті ескере отырып сағат сағат 9.00-ден 17.30-ға дейін.

* * *

Ата-аналар назарына!

№2 Саумалкөл мектеп-гимназиясы 2015-2016 оқу жылына мектепке
дейінгі оқыту мен 1 сыныпқа (қазақ және орыс сыныптарына) оқушылар
қабылдайды.

ЖАҚСЫ АДАМ ҰМЫТЫЛАР МА?!



Өмір дегенің бір күндік сәуле сияқты. Пәниден бақиға
біреу ерте, біреу кеш өтіп жатыр. Сонау жылдары Отан
қорғаған, ел басқарған халық қадірлеген нарқасқа
азаматтар, асыл ата-ағалар өмірден озды. Бірақ,
олардың ерлік еңбектері, жарқын бейне-келбеттері,
алып тұлғасы көпшілік есінде мәңгі сақталады.

Солардың бірі – еңбекқор, ақылшы, бейбіт өмірдің
белсенді ұйымдастырушысы, артына өшпес із
қалдырған ақкөңіл аға **Испол Айдарбеков**.

Кеше ғана оқу жылы біткен сияқты еді, міне, көзді
ашып-жұмғанша жаңа оқу жылы да келіп қалды. Мен
қызмет еткен жыл ішінде – «Нұрсұлтанның оқу үлгерімі
нашарлап кеткен жоқ па? Тәртібі жақсы ма?» – деген
сауалдармен атасы жиі хабарласып тұратын. Енді
бұл қоңырауды қанша сарғая күтсең де шалынбасы анық. Себебі: өткен
айда арамыздан сыныбымыздың ең белсенді мүшесі, ата-аналар комитетінің
төрағасы, Айдарбеков Нұрсұлтанның атасы Испол атамыз о дүниеге мәңгілікке
аттанды.

Парасатты, мәдениетті екені сырт тұлғасынан-ақ айтпай байқалатын.
Нұрсұлтан үшін барлық жағдайды жасап, сынып жиналыстарын қалт
жібермей, қоғамдық іс-шараларға белсенді араласып жүрген атамыз жақсы
адам еді. Ол кісінің жарқын бейнесі біздің мәңгі есімізде қалмақ.

«Ата көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер» демекші атасының тәрбиесін
көрген Нұрсұлтан тек жақсы жақтардан көрініп, Испол атаның атына кір
келтірмей адал азамат болып өсіріне нық сенеміз.

Ойлаған жанға ауыр тиер құбылыс, тағдырдың қатал заңына лажсыз мой-
ын ұсынасың. Күйзелесің, бірақ одан не пайда?! Алла өз дегенін істейді. Енді
қалған ұрпақтың бақытын тілейік! Атамыздың жатқан жері жайлы, топырағы
торқа болсын демекпіз.

Сынып жетекшісі,
ата-аналар мен Нұрсұлтанның сыныптастары.

Меншік иесі және басып шығарушысы
«Айыртау-Информ» ЖШС-і.
Газет аудан әкімінің, аудандық
мәслихаттың тапсырысы бойынша
басып шығарылады және мемлекеттік
ақпараттық саясатты жүргізуде ресми
басылым болып табылады.

Директор, баспаның бас редакторы
Ирина БУРКОВСКАЯ
Редактор
Бағлан ҚОЖАҚОВ

Редакцияның адресі: Солтүстік Қазақстан облысы, Саумалкөл селосы,
Конституция көшесі, 72. Телефон 21-4-85, эл пошта:airtau_tany@mail.ru

Тілші Жанат СӘБИТОВ
Теруші Барқыт КОКЕНОВА
Басушы-теруші
Елена НЕСВЕТЕЕВА

Индексі 65844. Таралымы 1560, № 783 тапсырыс

Қазақстан Республикасының
Мәдениет, Ақпарат және қоғамдық
келісім Министірлігінде
30.05. 2008 жылы есепке қойылған.
Есепке қою № 9246-Г.
Газет бейсенбі күні шығады.

Газетте жарық көрген
оқырман пікірлері редакцияның
көзқарасын білдірмейді,
жарияланбаған материалға жауап
берілмейді.

Газет Петропавл қ., Мүсірепов көшесі 34 В үйдегі «Газетный двор» ЖШС-і баспасында басылған.